

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі**

қолжазба құқығында

**Төлеуов Ғазиз Әбүйірханұлы**

**ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІН  
ЖЕТІЛДІРУ (ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)**

«7M041 - Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04119 - Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы»

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ А.Р. Масалимова, ф.ғ.д, профессор

Жоба қорғауға жіберілді: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024ж.

Мемлекеттік саясаттың  
ұлттық мектебі директоры: \_\_\_\_\_ Т.Ж. Жақиянов, ә.ғ.к.

**Астана, 2024**

## Мазмұны

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>1. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>13</b>
1.1. Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамытудың қағидаттары мен тәсілдері.....	13
1.2. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудағы халықаралық тәжірибелерін талдау.....	31
<b>2. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....</b>	<b>38</b>
2.1. Ұлытау облысындағы шағын кәсіпкерліктің даму ахуалы.....	38
2.2. Шағын кәсіпкерлікті гранттық қолдау құралын жетілдіру.....	56
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>58</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>61</b>
<b>ҚОСЫМША .....</b>	<b>64</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Қазақстан - 2050 Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Қазақстан Республикасы Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.

«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.

ҚР 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік кодексі.

ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысы.

ҚР Үкіметінің «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 және «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 491 қаулысы.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 767 қаулысы.

Кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1091 қаулысы.

ҚР Үкіметі, Азия Даму Банк және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы арасындағы қаржыландыру туралы негіздемелік келісімге қол қою туралы ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 499 қаулысы.

ҚР Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы № 56 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 28 ақпандағы № 138 қаулысы.

Мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау қағидаларын, нысандарын бекіту туралы ҚР Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 21 қарашадағы № 410-НҚ салалық министрліктермен бірлескен бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 қарашада № 33681 болып тіркелді.

## Белгілеулер мен қысқартулар

«Атамекен»	«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық
ҰҚП	кәсіпкерлер палатасы
АШМ	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
	министрлігі
АӨК	Аграрлық өнеркәсіптік кешен
ҒЖБМ	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім
	министрлігі
ЕДБ	екінші деңгейдегі банктер
Еңбекмині	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты
	әлеуметтік қорғау министрлігі
ЖАО	жергілікті атқарушы органдар;
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
Қаржымині	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
МAM	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат
	министрлігі
МО	мемлекеттік органдар
ӨҚМ	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс
	министрлігі
СИМ	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция
	министрлігі
СІМ	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ТСМ	Қазақстан Республикасының Туризм және спорт
	министрлігі
ҰБ	Қазақстан Ұлттық Банкі
ҰЭМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика
	министрлігі
ЦДИАӨМ	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар
	және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ШОК	шағын және орта кәсіпкерлік

## Кіріспе

Зерттеу тақырыбы өзектілігіне тоқталайық. Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық бағытын дамытуда шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОК) саласына аса маңызды роль беріледі. «Қазақстан-2050» Стратегиясында кәсіпкерлікті тұрақты түрде қолдау көрсету алдыңғы қатарлы мақсаттардың бірі. Стратегияға сәйкес ШОК салымы есебінен экономика 2030 жылға қарай 2012 жылмен салыстырғанда кем дегенде шамамен екі есе өсімді көрсету керек. «Ол үшін отандық кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жаңарту және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және ел ішінде жаппай тарату үшін барлық міндетті іс-шараларды орындау қажет. Басты міндет - шағын кәсіпкерлік саласы және жеке кәсіпкерлердің орта кәсіпкерлік санатына өтуіне қажетті жағдайлар мен мақсаттар құру» [1].

Бүгінгі күнгі экономиканың ерекше бөлігі ретінде шағын кәсіпкерлік экономиканы құрылымдық қайта құруға, өңірлердің экономикалық негізін бекітуге әсерін жасайды, өнеркәсіп пен бөлшек тауар айналымының мөлшерін ұлғайтады, бәсекелестікті дамыту үшін ыңғайлы жағдай жасайды, халықтың басым көпшілігін еңбекпен қамтуды қамтамасыз етеді, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізуді ынталандырады.

Кәсіпкерліктің даму жолын қадағалай отырып, шағын кәсіпорындардың табысты дамуы жаңа жұмыс орындарын құруға және салық түсімдерінің ұлғаюына әкелетін мемлекеттік қолдау шараларына негізделген бастапқы капиталға байланысты болатын формуланы бөліп көрсетуге болады.

Шағын кәсіпкерлік үшін бастапқы капиталды қамтамасыз етудің ең танымал әдістерінің бірі гранттық қаржыландыру, ол кәсіпкерлік субъектілеріне өз бизнес-жобаларын құруға өтеусіз берілетін бюджет қаражатының нысаны болып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін жаңа бизнес-идеяларды құруға мемлекеттік өтеусіз гранттар беретін мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесін жетілдірудің мақсаты Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады, оның шеңберінде Президент кәсіпкерлікті дамытуды қолдауды жалғастыруды тапсырды [2].

Елімізде шағын кәсіпкерлікті дамыту тақырыбы белгілі бір ғылыми негізге ие болған, алайда, шағын кәсіпкерлікті гранттық қаржыландыру арқылы дамыту болашағына қатысты түпкілікті зерттеулердің жетіспеушілігі байқалады. Зерттеулердің көпшілігі кәсіпкерліктің жалпы даму қарқынына бағытталған және мемлекеттік қолдау жүйесін, оның ішінде гранттық қолдау құралын жетілдіруге жеткілікті көңіл бөлінбеген.

Бұл елімізде шағын кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін факторларды түпкілікті, оның ішінде кәсіпкерлер арасында басым сұранысқа ие гранттық

қолдау тетігін зерделеуді және талдаудың қажеттігі бар. Яғни, бұл тақырып өзекті болып отыр және қосымша зерттеулерді жүргізу қажеттігі туындайды.

**Зерттеудің объектісі** – шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесі.

**Зерттеудің пәні** - әкімдіктердің шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған гранттар беру тетіктері.

**Зерттеудің негізгі мақсаты.** Шағын кәсіпкерлік үшін мемлекеттік қолдау жүйесі ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Жоғарыда аталған мақсатқа жету жолында келесі зерттеу міндеттері қойылады:

1. Қолданыстағы стратегиялық құжаттар, кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы мемлекеттік қолдау құралдарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер, ғылыми әдебиеттер мен мақалалар, ашық ақпараттық ресурстар арқылы отандық тәжірибелерді зерделеу және талдау жасау;

2. Кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы халықаралық тәжірибелерді зерделеу, талдау жасау және ең жақсы тәжірибелерді біздің елде қолдану мүмкіндігі қарастыру;

3. Шағын кәсіпкерлікті гранттық қолдау құралын ұсынатын институттар және нақты қолдау тетігін ұсынушы органдар жұмысына талдау жүргізу арқылы ағымдағы жағдайды зерделеу арқылы жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4. Ұлытау облысы шағын кәсіпкерлері арасында гранттық қолдау құралын ұсыну тетіктері бойынша ұсынымдар әзірлеу.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Халықаралық тәжірибелерді талдау, отандық зерттеулерге мониторинг жасау, ағымдағы жағдайға талдау жасау, сонымен қатар, сауалнама жасау арқылы гранттық қолдау құралын ұсынуда цифрлық технологияларды пайдалану артықшылықтарын ұсыну.

Цифрлық технологияларды енгізу өтінім беру және жобаларды қарау үшін ыңғайлы және қарапайым платформада ұйымдастыра отырып, бүкіл үрдісті онлайн-режимге ауыстыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні қолданыстағы [kezekte.kz](http://kezekte.kz) ақпараттық қызметтер платформасында өтінімдерді қабылдау және жобаларды қарау жұмысын ұйымдастыруға болады [3].

Зерттеу гипотезасы – Ұлытау облысында шағын кәсіпкерлікті белсенді дамыту шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жаңа бизнес - идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру құралын тиімді іске асыруға айтарлықтай тәуелді.

Тәжірибенің қорытындысы бойынша қатысушыларға жергілікті атқарушы органдардың гранттарын берудің қолданыстағы рәсімдерінде белгілі бір қиындықтар бар: қызмет көрсетуді жеңілдету бойынша сұрақтар (құжаттарды қабылдау және қарау рәсімі); конкурстық рәсімдердің ашық еместігі.

Зерттеу осы гипотезаны шағын кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін, оның ішінде гранттық қолдау құралының жүзеге асырылуына талдау жүргізу арқылы тексере алады, сондай-ақ басқа елдердің шағын кәсіпкерлерін қолдаудағы тәжірибесін зерттей алады және Қазақстан Республикасының контекстіне

бейімделуі мүмкін үздік тәжірибелерді анықтай алады. Зерттеу нәтижелерін Үкімет, бизнес-қауымдастық, академия және басқа да мүдделі тараптар елдегі шағын кәсіпкерлікке гранттық қолдауды дамытуға бағытталған саясатты, бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру үшін пайдалана алады және шағын кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу мақсатында мемлекеттік саясат, бизнес-қауымдастық және басқа да мүдделі тараптар деңгейінде ұсыныстар мен шешімдерді әзірлеу үшін Қазақстанда пайдалы.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі:** шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың қазіргі заманғы тәжірибесіне, халықаралық ұйымдардың талдау материалдарына және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласындағы зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне негізделген.

Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шетелде шағын кәсіпкерлікті гранттық қолдау мәселелерімен айналысатын және осы тақырыптағы зерттеулерге елеулі үлес қосатын бірқатар ғалымдар мен сарапшылар бар. Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлік мәселелерімен, оның ішінде гранттық қолдау құралын зерттеумен айналысатын ғалымдардың тізімі айтарлықтай көп емес, дегенмен соңғы кездері кәсіпкерлік саласын дамыту тақырыбына ғалымдар тарапынан қызығушылық артқан: Е.В. Галактионова, А.М. Абдуллина, Ф.Ю. Рустамова, Л.А. Баландина, Т.С. Леонтьева & Л.Б. Рахметова, А. Станкевич, А.М. Кандаурова, Н.В. Рябова & Ш.А. Абдуллаева.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу тақырыбын ашуда ғылыми зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері қолданылады.

Зерттеу мақсатына жету үшін статистикалық және салыстырмалы талдау әдістері, сондай-ақ policy analysis әдісі және сараптамалық сауалнама қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу аясында әлемдік БАҚ пен кәсіпкерлік саласына қолдау көрсетуге бағытталған отандық және шетелдік порталдарында, сондай-ақ кәсіпкерлік саласындағы халықаралық ұйымдарда жарияланған ақпарат негізінде контент талдау жүргізілді.

Policy analysis (саясатты талдау) барысында ҚР НҚА, стратегиялары мен стратегиялық даму жоспарлары, сондай-ақ кәсіпкерлік саласында жүргізіліп жатқан саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ басымдықтар мен бар проблемаларды түсінуге мүмкіндік беретін саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасы зерделенді.

Ғылыми еңбектер мен талдамалық материалдарға жүргізілген шолу кәсіпкерлік саласын, оның ішінде мемлекеттік қолдау шараларын дамыту бағытында қолда бар тәжірибені қаруландыруға мүмкіндік берді, ол оны дамыту бойынша ұсыныстарды қалыптастыру үшін пайдаланылды.

Статистикалық талдау әсер етудің әртүрлі факторларына байланысты әлемде және Қазақстанда, оның ішінде Ұлытау облысы шағын кәсіпкерлікті дамытудың маңызды индикаторларының динамикасын зерттеуге мүмкіндік берді. Осылайша, әртүрлі кезеңдердегі саланың негізгі сандық көрсеткіштерін салыстыру жүргізілді.

Салыстырмалы талдау шеңберінде аймақтар бөлінісінде кәсіпкерлік саланы, Ұлытау облысының жалпы республикалық көлеміндегі үлесін, сондай-ақ жылдар бойынша динамикада республикалық және өңірлік деңгейде кәсіпкерлік саланы дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемін салыстыру жүргізілді.

Сараптамалық сауалнама шеңберінде Google-нысан қосымшасы арқылы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кәсіпкерлік идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру құралын жетілдіру қолда бар әлеуеті бойынша пікірлер зерделенді және гранттар беру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастырылды.

Сауалнама шеңберінде Ұлытау облысының барлық аймақтары, яғни үш қала және екі ауданы кәсіпкерлерлік субъектілері өкілдері қамтылды. Жалпы облыс бойынша 224 респондент қатысты.

Әлемдік БАҚ және кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған датыту институттарының интернет порталдарында, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер ресми сайттарында жарияланған ақпарат негізінде жүргізілген контент талдау кәсіпкерлік саласы дамуы деңгейін, сондай-ақ кәсіпкерлік саласын қолдау және қорғау саласындағы тәжірибелі сарапшылардың Қазақстандағы кәсіпкерлік саласы жай-күйі, Ұлытау облысы бойынша шағын кәсіпкерлікті гранттық қолдаудың негізгі артықшылықтары мен проблемалары туралы пікірлерін анықтауға мүмкіндік берді. Тәжірибелі сарапшылар қатарында Ұлытау облысы бойынша кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы, филиал директорлары, Даму кәсіпкерлікті дамыту қоры басшысы, іскер әйелдер және ауданының кәсіпкерлер қауымдастығы төрағалары, ассоциация өкілдері, сонымен қатар, мемлекеттік мекеме өкілдері болды. Жалпы 12 сарапшыдан сарапшылық сұқбат алынды.

Магистрлік жобаның **тәжірибелік маңыздылығы** Ұлытау облысындағы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жаңа кәсіпкерлік жобаларға гранттар беру құралын жетілдіру бойынша ұсынылған ұсынымдарды ШОК-ты қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуші орталық мемлекеттік органдар, даму институттары және жергілікті мемлекеттік органдар ШОК-ты дамытудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру кезінде пайдалана алады. Бұл ұсыныстар шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға, грант қаражатын мақсатсыз пайдалануды азайтуға және өңірде шағын кәсіпкерліктің белсенді өсуіне ықпал етуге көмектеседі.

Шағын кәсіпкерліктегі мемлекеттік қолдау көрсету жүйесіндегі кемшіліктерді жоя отырып, мемлекеттік гранттарға қол жетімділікті арттыру болып табылады. Осылайша, зерттеу нәтижелері практикалық қолданыста болуы және нақты экономикалық тәжірибеге енгізілуі мүмкін.

**Жариялау:** «Шағын бизнес гранттары: тәжірибе және ұсынудағы заманауи тәсілдер» тақырыбындағы ғылыми мақала «Білім мен ғылымды интеграциялау» Халықаралық ғылыми-практикалық журналында жарияланды.



Қазақстандағы кәсіпкерліктің активтерін тұтыну, өнімді өндіру, саудаға шығару, қызмет көрсету шараларын орындау және қызметтер көрсету арқылы табыс алуға бағытталған дербес және бастамашыл қызмет ретінде сипатталады. Тарихи тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы кәсіпкерлік Ұлы Жібек жолындағы саудамен байланысты болды, ал саудагерлер мен қолөнершілер алғашқы кәсіпкерлер болып саналды. Уақыт өте келе кәсіпкерлік нарықпен және тауар-ақша қатынастарымен байланысты дамыды. Бүгінгі таңда кәсіпкерлік тауарлар мен қызметтерді сатудан пайда табуға бағытталған кәсіби қызмет ретінде түсініледі.

### **Әдебиетке шолу**

Кәсіпкерлік тақырыбы қазіргі уақытта ғылыми зерттеу үшін маңызды және қызықты болып қала береді. Кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін және оның теориясын зерттеуге бірқатар шетелдік ғалымдар, соның ішінде А.И. Агеев, Дж.С. Милль, А. Маршалл, Ж. Б. Сэя, Л. Мизес, Ф.Хайек, И. Кирцнер, М. Вебер, Г. Саймон, Р. Сайерт, Дж.Марча, Х. Лейбенштейн, А. Смит, Й.Шумпетер, Р. Кантильон және басқалар. Алғашқы кәсіпкерлердің бірі Р. Кантильон кәсіпкерлікті зерттеуге маңызды үлес қосты, оны жұмыс күшін пайдалану арқылы жүзеге асырылатын жер жұмыстарының арқасында пайда табу ретінде анықтады [4].

Й. Шумпетер өз кітабында кәсіпкерлікке неғұрлым егжей-тегжейлі анықтама береді, оның пікірінше, кәсіпкерлік - жаңасын жасауға, жаңасын енгізуге, сондай-ақ жаңа өткізу нарығын игеруге, шикізаттың немесе жартылай фабрикаттардың жаңа көзін алуға бағытталған негізгі бес жағдайды қамтитын жаңа инновациялық өндірісті іске асыру, бұл бағыт бұрын болғанына немесе жай ғана ескерілмегеніне немесе қолжетімсіз деп есептелгеніне қарамастан тең дәрежеде, немесе ол әлі құрылуы керек, тиісті қайта құру жүргізу [5]. Бір сөзбен айтқанда, автор өз қызметінде инновациялық тәсілдерді енгізетін инноваторларды кәсіпкерлік деп санады.

Қазақстандық экономикалық ғылым шағын және орта бизнесті дамыту проблемаларын зерттеуге көп көңіл бөлді. А. С. Нұрмағанбетов, О. С. Сабден, А. Е. Асенова, Г. К. Сүлейменова, Б. Ш. Идирисова, В. В. Шевченко, Ш.М. Ирмухамбетова, С. С. Сейтжанова, Ж. Х. Тайшикова, Е.Б. Жатқанбаева, А. А. Төлепбекова және басқалары сияқты авторлардың еңбектерінде Қазақстанда ірі және орта кәсіпорындарды қалыптастыру және дамыту мәселелері қаралуда. А. Байтенова өзінің ғылыми жұмысында Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуын сипаттайды. Автор сауда және қызмет көрсету саласындағы нарықтық экономиканың алғашқы субъектілерінен бастап кәсіпкерліктің қалыптасуының төрт негізгі кезеңін анықтаған.

Кейінірек «саудагер» кәсібі ұғымы пайда болады, ал жаппай жекешелендіру кезеңінде кәсіпорындар әлеуметтік қызмет көрсету және сауда

саласындағы жылжымайтын мүлікті жекешелендіруге мүмкіндік алады. Кәсіпкерліктің сапалы даму кезеңі өнеркәсіптік өндірістің, жалпы ішкі өнім көлемінің өсуімен және қаржы-несие саласының дамуымен қатар жүрді, бұл мемлекеттік реттеу және Қазақстанда шағын бизнесті қолдаудың бастапқы құралдарын енгізу қажеттілігіне әкелді [6].

Кейінірек, нормативтік-заңнамалық актілерді қабылдайтын, жеке кәсіпкерліктің негізгі нысандары мен қорғалуын және оны қолдауды, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке тікелей араласудан және коммерциялық құпияны қорғаудан бас тарту саясатын айқындайтын С. Мороз Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту процесінде маңызды рөл атқарады. Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы шешім қабылдау елдегі шағын бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың бастамасы болды [7].

Магистрлік жобаның тақырыбын ескере отырып, мемлекеттік гранттар беру мәселелерін зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерделеген жөн. Сонымен, осы тақырыптағы маңызды жұмыстардың бірі – И.И. Шувалова мен О. В. Романованың редакциясымен «Ресейдегі шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау: тәжірибе және перспективалар» (2018) жарық көрген. Бұл кітапта Ресейдегі ШОК-ты мемлекеттік қолдаудың әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде гранттық қолдау құралдары мен елдің әртүрлі аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларына арналған мақалалар берілген. Жұмыста сонымен қатар Ресейдегі шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдауды дамыту мәселелері мен перспективалары талданады. Сондай-ақ төменде ШОК гранттық қолдауын зерттеуге арналған бірқатар ғылыми жұмыстарға шолу жасаймыз.

А. М. Абдуллина Ресейдегі және шетелдегі шағын және орта бизнесті гранттық қолдау тәжірибесі атты мақаласында (Ғылым, мәдениет, білім Әлемі, (5), 27-31., 2019) автор Ресейде және шет елдерде шағын және орта бизнесті гранттық қолдау тәжірибесіне шолу жасайды. Мақалада гранттық қолдаудың әртүрлі бағдарламалары талданады және олардың тиімділігі бағаланады. Автор кәсіпкерлердің гранттар алу кезінде кездесетін негізгі мәселелерін бөліп көрсетеді және Ресейде гранттық қолдау жүйесін жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар ұсынған. Нәтижесінде автор шағын және орта бизнесті гранттық қолдау кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырудың және шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасаудың маңызды құралы болып табылады деген қорытынды жасайды.

Көршілес жатқан мемлекет Ресей тәжірибесі бірнеше зерттеушілер тақырыбына айналған. Ф. Ю. Рустамова (2021). «Шағын бизнесті гранттық қолдау: Ресейдегі әлемдік тәжірибе және даму перспективалары» атты мақаласында шағын бизнесті гранттық қолдау әсіресе экономикалық дағдарыс пен белгісіздік кезеңінде, кәсіпкерлер несиелер мен басқа қаржыландыру көздеріне қол жеткізуде қиындықтарға тап болған кезде маңызды екенін атап көрсетеді. Гранттар инновацияларды дамытуға және жаңа өнімдер мен қызметтерді құруға ынталандыруы мүмкін. Автор әртүрлі елдерде, соның ішінде

АҚШ, Жапония, Қытай, Германия және т.б. гранттық қолдауға шолу жасайды. Ол әртүрлі елдердегі гранттардың әртүрлі мақсаттары мен шарттары болуы мүмкін екеніне назар аударады.

Рябова, Н. В., Абдуллаева, Ш. А. (2019). Ресейдегі шағын және орта бизнесті гранттық қолдауды дамыту: жағдайы, проблемалары, болашағы (Экономика және кәсіпкерлік, (11), 128-133) мақаласында Ресейдегі шағын және орта бизнесті гранттық қолдаудың негізгі нысандары, мысалы, бизнесті дамытуға қаржылық қолдау, ғылыми-зерттеу қызметі, кәсіпкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру, сондай-ақ консультациялық қолдау қарастырылған сұрақтарын қарастырған. Авторлар Ресейдегі шағын және орта бизнесті гранттық қолдауға байланысты проблемаларды анықтады, мысалы, қаржыландырудың жетіспеушілігі, гранттық қаражатты пайдаланудың тиімсіздігі, гранттардың уақтылы бөлінбеуі және шағын және орта бизнеске гранттар беру шарттарының сәйкес келмеуі.

Сонымен қатар, авторлар Ресейдегі шағын және орта бизнесті гранттық қолдауды дамыту перспективаларын қарастырды, мысалы, грант қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру, грант алатын кәсіпкерлер тобын кеңейту, грант қаражатын бөлу көлемін ұлғайту және грант беру шарттарын жақсарту.

Шетелдік зертеушілер қатарынан көршілес Ресей авторлары кәсіпкерлікті гранттық қолдау құралын қарастыруға қызығушылығы артып отыр.

Т. А. Воронцова, О. А. Карякина (2020) гранттық тетіктерді пайдалану негізінде шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау құралдарын дамыту (Әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестер, 15 (2), 28-34) атты мақаласында осы саладағы басқа елдердің тәжірибесін талдайды, Ресейде гранттарды қолдану ерекшеліктерін атап өтеді және шағын бизнесті қолдауда гранттарды тиімді пайдалануға кедергі келтіретін негізгі мәселелерді бөліп көрсеткен.

Экономиканы цифрландыру - бұл экономикаға цифрлық технологияларды кеңінен енгізу. Цифрландыру жағдайы дүние жүзінің көптеген елдерінде цифрлық технологиялардың және коммуникациялардың ерекше дамуынан туындайды. Экономиканы цифрландыру – бүгінгі күні жаһандық процесс.

Қазақстанда цифрландыру қарқынды жүріп жатыр. Техникалық прогресс тоқтаусыз, ол өмірдің барлық салаларына енген, қарым-қатынас пен еңбекті ұйымдастыру тәсілдерін, оқыту мен басқа да мемлекеттік жүйеге енген.

Зерттеушілер кәсіпкерлікті гранттық қолдау құралын цифрлық экономика жағдайында қарастырған. Т. С. Леонтьева, Л. Б. Рахметова (2020) цифрлық экономика жағдайында шағын бизнесті гранттық қолдау (Бухгалтерлік есеп және талдау, (10), 46-51) атты зерттеу мақаласында шағын бизнесті қолдау үшін гранттарды пайдалануға байланысты мәселелер қарастырылады. Мақалада гранттық ұйымдар бөлетін жобаларға қойылатын негізгі талаптар қарастырылады және Ресейде және шетелде сәтті жобалардың мысалдары қарастырылады. Авторлар сонымен қатар шағын бизнесте цифрлық технологияларды пайдаланудың артықшылықтарын сипаттайды және

экономиканы цифрландыру жағдайында шағын және орта бизнестің дамуын қолдау үшін гранттық бағдарламаларды жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар ұсынады.

Мұндай ұсыныстардың қатарында гранттық ұйымдардың шағын бизнес өкілдерімен тығыз қарым - қатынасы және гранттық бағдарламалардың ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін цифрлық жаңа технологияларды пайдалану қажеттігін ұсынған.

Қарастырылған теорияларды қорытындылай келе, қазіргі мағынада кәсіпкерлікті жұмыстар мен қызметтерді орындаудан, сондай-ақ тұтыну тауарларын өндіруден кіріс алуға бағытталған, білім мен дағдыларды, инновациялық тәсілдерді сәтті қолданатын, ел экономикасындағы негізгі рөлдердің бірін атқаратын қызмет деп санауға болады. Гранттар тартымды құралдардың бірі, тетіктердің тиімділігі, дамудың жаңа жолдарын іздеуге де көптеген ғылыми еңбектер арналған және мемлекеттік қолдау құралдары қажеттігін атап айтады.

# 1. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың теориялық негіздері

## 1.1. Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамытудың қағадаттары мен тәсілдері

Елімізде кәсіпкерлікті дамыту басым бағыттарымен барлық ШОК субъектілерін қолдауды жалғастырып, бәсекеге қабілетті бар кәсіпкерлікті қолдауға көшу барысында. Үкімет қаржылық қолдаудың нарықтық емес тетіктерінен біртіндеп көшуді қамтамасыз етеді. Қол жеткізілген нәтижелерді, халықаралық стандарттарды және алдағы кезеңге арналған стратегиялық мақсаттарды ескеретін ШОК-ты дамыту бойынша бірегей саясатты дамыту жалғасын табуда.

ШОК-ты дамытуға қатысты тиісті шаралар мен нысаналы көрсеткіштер елдің стратегиялық құжаттарында – «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында және басқаларда көзделген.

Кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында 2029 жылы ЖІӨ-дегі ШОК үлесін 35 пайызға дейін, одан әрі 40 пайызға дейін өсіру басым стратегиялық міндет болып саналады.

Осы талаптар кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша іс-шараларды, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді талдауды көрсетеді. Бұл мақсатқа жету бойынша жұмысқа жалпы қоғам жұмыла жұмыс атқаруға тартылу көзделген.

Осы талаптарға жетуде мемлекет пен кәсіпкер арасындағы қарым-қатынас үкіметтің рөлін өзгертуге және мемлекет пен кәсіпкерлік арасындағы жауапкершілікті бірлесе алуға шақырады. Кәсіпкер ретінде өзін тануға тиісті жағдайлар мен қолдаулар көрсететін болады.

**Цифрлық технологиялар саласын дамытуға деген жоғары сұраныс бәсекеге қабілеттіліктің жаңа алғышарттарын айқындауда.** Осы бағыттағы мемлекеттік саясат бір жағынан цифрлық платформаларды пайдалана отырып, кәсіпкерлермен өзара әрекеттестікті барынша жақындататын болады, екіншіден өзара қарым-қатынас жасайтын тараптардың құқықтарын ескереді және қорғайды, цифрлық жүйеге негізделетін кәсіпкерлік саласы қызметі үшін алғышарттарды дамытуға және ұлғайтуға көмек болады.

Әлемдік цифрлық технологиялар қоғамның үкіметпен қарым-қатынасын барынша ыңғайлы және ашық етуге жағымды әсерін тигізетін болады. Әлемдік процестер мемлекеттік салаға ықпалын халық пен кәсіпкерліктің тұрғындарға қатысты жоғары икемді, ашық және қарапайым мемлекеттік аппаратқа деген сұранысының өсуіне байланысты болуда.

Бұл іс-шараларды жүзеге асыру технологиялық, инновациялық экономика құру бойынша талаптарды шешуге әсер ететін болады, бұл өз кезегінде 2024 жыл соңына қарай ШОК-та 3 млннан астам адамның жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы бағытта төменде ШОК-ты дамыту бойынша міндеттер қарастырылған:

1) салық саясатын дамыту, мемлекеттің экономикадағы үлесін төендету, әкімшілік талаптарды азайту және кәсіпкерлікті жүргізу талаптарын жеңілдету, жалпы кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және қорғау шаралары;

2) ШОК тұрақты түрде қолдауды жалғастыру;

3) мемлекет экономикасын дамыту, шет елге өнім шығару бағыты жағында әлеуеті зор кәсіпкерлік орта құру, кәсіпкерлікті қолдау, ынталандыру шаралары.

ШОК-тың қарқынды дамуы еліміздің нақты бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және оның әлемдік экономикалық қоғамдастықтың жауапты қатысушысы ретіндегі мәртебесін нығайтуға оң ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәкес кәсіпкерлікті дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері айқындалған [8].

**Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қағидаттары.** Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды іске асыру мынадай қағидаттарға негізделеді.

Бірінші – кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ету. Мемлекет кәсіпкерлерге таңдау еркіндігі жағдайында өздері айқындаған салада немесе аяда, сол өңірде өнімнің, жұмыстар және қызмет көрсету нарығында қызметін жүргізудегі кедергілерді жою, кәсіпкерлерге адал және ашық бәсекелестік жағдайында қызметін жүзеге асыруға кедергі болатын шарттарды алып тастау қажет.

Кәсіпкерліктің еркіндігі мен ашық бәсекелестік жағдайында кәсіпкерлер өздерінің кәсіпкерлік қызметін жүргізудің бағыты, ауқымы мен шарттары туралы қабылданатын шешімдерінің салдары үшін жауап беруге тиіс.

Екінші – кәсіпкерлік қызметтегі адалдықты, ашықтықты, парасаттылық пен қауіпсіздікті көтермелеу. Кәсіпкерлік ортаға сапалы дамуға ықпал ететін дұрыс белгілерді жіберу мақсатында мемлекет кәсіпкерлік қызметін адалдық, ашықтық, парасаттылық пен қауіпсіздік жағдайында жүргізетін кәсіпкерлерге басымдық беруге және көтермелеуге, сол арқылы жалпы қоғамдық дамуға ықпал етуге тиіс. Бұл бюджеттен қаржыландырылатын кез келген тікелей интервенцияларды бөлу кәсіпкерлердің фискалдық парасаттылық дәрежесін міндетті түрде ескеруге тиіс екенін болжайды.

Үшінші – жедел дамуға жәрдемдесу. Өсу әлеуеті бар және одан әрі өсуге ұмтылатын шағын және орташа кәсіпорындарға басым түрде қолдау көрсету көзделеді. Осындай кәсіпорындар экономиканың жаңаруына әсер ете алады. Салдарынан даму тетіктері, бірінші кезекте сыртқа өнім шығару және инновациялық бағытта кеңінен дамуы керек.

**ШОК дамыту тәсілдері.** Мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау қағидаларын, нысандарын бекіту жұмысы 2024 жылы жүзеге асты [8].

ШОК-ты дамыту тәсілдері бойынша құрылып, елімізде ШОК-ты дамыту проблемаларын шешуге бағытталған мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

- 1) кәсіпкерлік саласы өсімін қамтамасыз ету;
- 2) кәсіпкерлік белсенділікті қамтамасыз ететін институционалдық орта құру;
- 3) кәсіпкерлік жағдай мен кәсіпкерлік ортаға әсер ететін кәсіпкерлік қызметке араласуды реттеу;
- 4) кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тетіктері ретінде құрылымның тиімділігін қамтамасыз ету.

**Кәсіпкерлік сала өсуін арттыру үшін жағдай жасау.** Кәсіпкерлердің парасатты және бәсекеге қабілетті табын қалыптастыруда шығармашылық және инновациялық ойлауды ынталандыруға бағытталған білім беру шешуші рөл атқарады, оны жеке деңгейде де, сол сияқты қоғам деңгейінде де тарату маңызды.

Өнімді кәсіпкерлік дағдылары бар жастардың ауқымды базасын құру үшін мектепке дейінгі және мектептегі білім беру саясаты және оны іске асыру қазақстандық жастардың функционалдық сауаттылық дағдыларын нығайтуға бағытталуға тиіс. Мұғалімдер даярлауды жақсартуға, білім беру контентіне және білім беру жүйесіндегі теңсіздікті қысқартуға ерекше екіпін берілуге тиіс.

Кәсіпкерлік оқытушыларын қолдау мен ұлттық және халықаралық алмасудың озық практикасын көтермелеуді қоса алғанда, мектептер мен университеттерде кәсіпкерлікті оқыту кеңейтілуге және нығайтылуға тиіс.

ШОК-ты тұрақты зерттеу шеңберінде кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін де, сол сияқты кәсіпкерлер тарапынан жұмыскерлерден де талап етілетін дағдылар мен құзыреттер айқындалуға тиіс. Дағдылар мен құзыреттерді ұлттық біліктілік шеңберіне енгізу қамтамасыз етілуге тиіс. Кәсіптік білім беру бағдарламалары мен тренингтер кәсіпкерлік қызметті жүргізу және коммерциялық ұйымды дамыту үшін қажетті жалпы, техникалық және басқару дағдыларын қамтитын тиісті даярлықты қамтамасыз етуге тиіс.

**Кәсіпкерлік белсенділікті қамтамасыз ететін институционалдық орта құру.** Осы мәселені шешу үшін кәсіпкерлік белсенділікті арттыруды қамтамасыз ететін институционалдық жағдайларды жақсартуға байланысты реформаларды қамтиды.

Мемлекет қажетті қуаттарға қол жеткізумен және кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қамтамасыз етумен байланысты реттеу талаптары бойынша кедергілерді азайту және кейіннен жою арқылы бәсекелестікті дамытуды тұрақты түрде қамтамасыз етуге тиіс.

Баға белгілеуге араласу тұрғысынан алғанда мемлекет екі проекцияда – тікелей араласу (бағаларды тікелей реттеу) және жанама (субсидиялар мен гранттар арқылы) әрекет етуге тиіс.

Монополияға қарсы реттеу, бағалар мен тарифтерді қалыптастыру еркіндігін тікелей немесе жанама қозғайтын барлық заңнамалық және реттеуші актілер қайта реттелуге тиіс.

Мемлекет әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының, фармацевтикалық тауарлар мен медициналық бұйымдардың шектеулі санын тікелей реттеу құқығын төтенше жағдайлар болған кезде ғана қолдану мерзімі шектеулі жеке заңнамалық акт қабылдау арқылы өзіне қалдыра алады. Сенімді баға индикаторлары бар нарықтық баға белгілеудің ақпараттық жүйесі негізінде монополияға қарсы тәуекелдерді басқару жүйесі құрылуға тиіс.

Жанама реттеу бөлігінде жекелеген салалардағы жекелеген кәсіпорындарды мемлекеттік қолдаудан мемлекеттік қолдау дизайнын түзету шеңберінде салаларға байланыстырмай, кәсіпорындардың қызметіне қойылатын қатаң өлшемшарттар арқылы кәсіпкерлікті ынталандыруға көшу қамтамасыз етілуге тиіс. Айталық, жекелеген өнім өндірісін тікелей субсидиялауды алып тастау қажет.

Коммуналдық көрсетілетін қызметтер, әсіресе электр энергиясы нарығында кросс-субсидиялау тетігі жойылуға тиіс. Бұл тұтынушылардың әртүрлі топтары үшін тең тарифтерді белгілеуге және халық үшін тарифтер жанама субсидияланатын бизнес шығасыларын азайтуға мүмкіндік береді.

Бағаны тікелей және жанама бұрмалауды жою нарықтық өзгерістердегі кенеттен болатын әлеуметтік салдарды жою үшін атаулы әлеуметтік көмек жүйесін тиісті түзетумен сүйемелденетін болады.

Тұтынушылардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ететін IT-құралдар арқылы «Open Markets» қағидаты іске асырылуға тиіс, бұл бәсекелестікті дамытудың маңызды бағыты болып табылады. Бұл жаңа өнім берушілердің салаға кіру шарттарын жеңілдетеді және сатып алушыларға ұтымды ұсыныстар іздестіруіне мүмкіндік береді.

Биржалық саудаға арналған стандартталған тауарлар тізбелері бірінші кезекте энергия жеткізгіштерін, электр энергиясын және ауыл шаруашылығы шикізатын қосу арқылы кеңейтілуге тиіс. Биржалық сауданы дамыту биржалық саудаға қойылатын монополияға қарсы талаптардың сақталуын тиімді және сенімді мониторингтеумен сүйемелденуге тиіс, бұл өз кезегінде жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстарына тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сатушылар мен сатып алушылардың шектеусіз ортасының аукциондарға бір мезгілде қатысуы есебінен нарық қатысушыларының санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлік сала үшін сапалы инфрақұрылым жасау және тиімділігі жоғары басқару үшін оған тәжірибесі мол және біліктілігі бар, осында мемлекеттік-жекеше әріптестіктің (бұдан әрі – МЖӘ) тетіктерін барынша ұсына отырып, басқарушы кәсіпорындарды тарту үшін қолдаулар ұсыну қажет.



Мемлекет қаражаты бюджетте болмаған жағдайларда жекелеген кәсіпкерлік жобаларды инфрақұрылыммен қамтамасыз етуден бас тартып, кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін индустриялық аймақтар құруға артықшылық берілуге тиіс. Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) өздерінің қаражаттық мүмкіндіктері аясында инфрақұрылымды салу қажеттігі және орналастыру учаскелері туралы нақты міндеттер қабылдауға және олардың іске асырылуы үшін жауапты болып, қолдау көрсетулері тиіс.

ШОК-ты нақты даму орындарында дамыту үшін мемлекеттік кеңістікте өсумен сапалы өнеркәсіптік, индустриалды-инновациялық және жаңашыл инфрақұрылымның орасан зор ұсынысын құруда ынталандыруға міндеттеледі.

Жұмыс істеп тұрған компаниялар мен жоғары оқу орындары үшін, оның ішінде МЖӘ тетігі мен құралдарын пайдалана отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу, тәжірибелік үлгілер, жаңа ұсыныстар немесе пайдалы өнімдер жасау, жоғары технологиялық бастамалар үшін өз өнімдерінің шағын партияларын шығару үшін бизнес-инкубаторлар мен технопарктер құру және дамыту жөнінде ынталандырулар ұсынылуға тиіс.

Табиғи монополиялар субъектілерін және коммуналдық секторды инфрақұрылымға техникалық қосуға арналған талаптардың толық тізбесі анықталуы міндетті. Мүмкіндікті қуат көздері мен қуат көздеріне қосылу нүктелері қолжетімді болуы тиіс. Қызметтер цифрлық платформаларды пайдалана отырып, ашық түрде көрсетілуі тиіс.

Туризм индустриясында ШОК-ты дамыту үшін Қазақстанның ТОП-10 туристік нүктелері үшін көлік және коммуналдық инфрақұрылым салу аяқталуға тиіс.

Мамандандырылған инфрақұрылымның артықшылықтарын фискалдық ынталандырумен үйлестіретін еркін экономикалық аймақтар орталық мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – ОМО) және/немесе республикалық даму институттарының жауапкершілігінде қала береді.

Бұған қоса, барлық елдерде бағалық бақылау мен бәсекелестікті шектейтін шараларды (мемлекеттік сатып алуға қол жеткізудегі кедергілер мен субсидиялар арқылы) кезең-кезеңімен алып тастау жүргізілуге тиіс, бұл қазақстандық бизнес үшін ЕАЭО нарығын толыққанды ашуға көмектеседі.

Қазақстан тауарларының ЕАЭО бойынша әріптес елдердің нарықтарына кемсітусіз қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында кедергілерді жою және ЕАЭО ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулерді барынша қысқарту бойынша жұмыс жалғасады.

Формалды әкімшілік бұзушылықтар бөлігінде оның мөлшеріне байланысты бизнеске салынатын жазалардың теңсіздігі жойылуға тиіс, бұл кәсіпорындардың әкімшілік жауапкершіліктің іріленуіне және тиісінше артуына кедергілерді төмендетуге мүмкіндік береді. Мәселен, жол берілген бұзушылық нәтижесінде мүліктік залал болмаған кезде бизнеске, оның мөлшеріне қарамастан, тең мөлшерде айыппұл салынуға тиіс. Материалдық залал болған

жағдайда, бизнес сот шешімімен айқындалған көлемдегі шығындарды өтеуге тиіс.

Бейформалды сектордан формалды секторға көшу үшін жағымды және жағымсыз ынталандыру жүйесін әзірлеу қажет. Кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің бірыңғай офисі қағидаты бойынша мемлекет пен кәсіпкердің жаңа өзара қарым-қатынасы форматы енгізілуге тиіс. Үкімет ҰҚП-мен және жекеше әріптестермен бірлесіп, кәсіпкерлік қызметті әкімшілендіруді, даму құралдарына қол жеткізуді жеңілдететін және кәсіпкерлер үшін транзакциялық шығасыларды төмендететін «Бизнеске арналған үкімет» цифрлық платформасын ұсынады.

Меншік құқықтарын қорғаудағы іргелі қиындықтарға қарамастан, қысқа мерзімді перспективада ұзақ мерзімді өзгерістердің негізін қалауға барлық қажетті мүмкіндіктер бар.

Мәселен, жеке меншікке қолсұғылмаушылықты қорғау кепілдігін арттыру үшін Қылмыстық кодекстің барлық баптарынан, егер кәсіпкердің қылмыстық теріс қылығы бюджет қаражатын ұрлауға немесе мемлекеттің мүліктік мүдделеріне тікелей зиян келтіруге байланысты болмаса, мемлекет пайдасы үшін кәсіпкердің мүлкіне тыйым салу түріндегі санкциялар алып тасталуға тиіс.

**Кәсіпкерлік ахуал мен кәсіпкерлік ортаға әсер ететін кәсіпкерлік қызметті реттеуді дамыту.** Реттеушілік практикалар кәсіпкерлікті дамыту үшін артық кедергілер жасамауға, керісінше кәсіпкерлік белсенділікке бағдарланған мінез-құлықты ынталандыруға бағытталуға тиіс [8].

ШОК-тың бүкіл өмірлік циклы бойынша кәсіпкерлік белсенділікті реттеу мен көтермелеу арасындағы: бизнеске қарапайым және ыңғайлы кіру, бизнестен шығуды жазаламайтын бизнесті дамыту үшін жағдайлар мен ынталандырулар сияқты оңтайлы теңгерім қамтамасыз етілуге тиіс.

Транзакциялық шығасыларды азайту, мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауының бүкпесіздігін арттыру және әкімшілік кедергілерді азайту үшін бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимылы бойынша «Бизнеске арналған үкімет» цифрлық платформасының мүмкіндіктері барынша пайдаланылуға тиіс. Мемлекет пен кәсіпкер арасындағы өзара іс-қимылды цифрлық форматқа көшіру шаруашылық жүргізуші субъектінің объективті бейінін құру үшін «цифрлық ізді» пайдалануға мүмкіндік береді. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің цифрлық бейіндері скоринг алгоритмдерінде құрылған рейтингтік жүйенің негізі болады. Шаруашылық жүргізуші субъектінің рейтингі ШОК-ты дамытудың мемлекеттік жүйесінің құралдарын ұсыну туралы шешім қабылдау кезінде негізгі өлшемшарт болады. Скорингтің негізіне алынған факторлар объективті болуға және шаруашылық жүргізуші субъектінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі негізінде мемлекеттік деректер базасынан алынуға тиіс.

Мұндай тәсіл кәсіпкер мен мемлекет арасында тұрақты кері байланысты қамтамасыз етуге, нысаналы топтарды бөліп алу үшін тиімді «өзара қарым-қатынастарды басқару моделін» (CRM типі бойынша) құруға мүмкіндік береді, мемлекеттік қолдау құралдары мен шараларының атаулы болуын жүйеге келтіруге және арттыруға, ШОК субъектілеріне тікелей мемлекеттік

интервенциялар шарттарын бүкпесіз етуге, тәуекелдерді басқару жүйесін ендіруге және бизнеске бақылау жүктемесін төмендетуге көмектеседі.

«Жаңа мүмкіндік алу құқығы бойынша» тәсілі іске асырылуға тиіс. Экономикалық белсенділікпен және ықтимал сәтсіздіктермен тығыз байланысты болатын кәсіпкерлік тәуекелді тарату және қабылдау мінез-құлқын дамытуға ерекше назар аударылуға тиіс. ШОК үшін бизнестен шығуға айтарлықтай кедергілер туындататын ағымдағы реттеу және құқық қолдану практикасы сәтсіздіктерді жазалау және кәсіпкерлік қызметке оралуға кедергі келтіру арқылы кәсіпкерліктің дамуын тежейді.

Бизнестен шығу кезіндегі негізгі кедергі салықтық әкімшілендіруге байланысты екенін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне шағын бизнес субъектілерін салықтық әкімшілендіруге байланысты қызметті тоқтату рәсімдері бойынша ДК үшін көзделгендей өзгерістер (мемлекеттік қолдау өлшемшарттары бойынша) енгізілуіне тиіс. Бұдан кейін мемлекет пен бизнес арасындағы өзара іс-қимыл жүйесінің дамуына қарай талап қою мерзімінің ескіру кезеңіне сәйкес келетін алдыңғы кезең ішінде тәуекел аймағынан тыс болатын барлық компаниялардың жеке салық аудиторларының оң қорытындысы негізінде өз қызметін тоқтатуға құқығы болуға тиіс.

Бұдан басқа, мемлекет бизнесті жүргізуге тікелей байланысты әкімшілік кедергілерді алып тастау бойынша шаралар қолданатын болады. Рұқсат беру құжаттары арасынан мемлекеттік лицензиялар қолданылуға тиіс болады. Барлық басқа қалған рұқсаттар жойылады және оның орнына кәсіпкердің есептілігі, ерікті негізде қызметті талдау енгізіледі.

Есептілікті автоматтандыруды және цифрландыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасады. Орталық мемлекеттік органдар кейіннен барлық ақпараттық құралдарды автоматтандыру мақсатында қолданыстағы жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер шеңберінде есептілікті не өзге де ақпаратты беру рәсімдерін автоматтандыруды енгізу мүмкіндігін талдау бойынша жұмыс жүргізуі қажет.

ШОК-тың қаржыға қол жеткізуін ұлғайту мақсатында ШОК-ты қаржыландыру бойынша қаржы секторын ынталандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен қаржы нарығын реттеушілер келісілген іс-қимыл жасауға қамдануы тиіс.

ШОК-қа кредит беру үшін ынталандыру жүйесі құрылуға тиіс. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – ҚНРДА) кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беруді ынталандыру мақсатында жекелеген пруденциалдық реттеу талаптарын өзгерту жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Бұған қосымша, ҚНРДА факторинг және лизингтік қаржыландыру, синдикатталған қаржыландыру түрінде баламалы қаржы құралдарын дамыту бойынша шаралар қабылдайды. Бұл құралдарды дамыту кәсіпкерлік субъектілері үшін қаржыландыру қолжетімділігін арттыруға, қарыз алушылардың қаржылық

көрсеткіштерін жақсартуға және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Микроқаржы ұйымдарын микро- және шағын бизнеске кредит беруге тарту үшін жағдай жасалуға тиіс. ҚНРДА тарту үшін ынталандыру құралдарын жасауға, ал Қазақстан Республикасының Үкіметі ҰКП-мен бірлесіп, бизнес-субъектілерге кредит беруге құқығы бар коммерциялық банктердің бөлімшелері жоқ аумақтарда ШОК-қа кредит беру үшін МҚҰ желісін дамытуды қамтамасыз етуге тиіс.

Ашық және нақты рейтингтер мен талаптар негізінде цифрлық технологияларды пайдалану арқылы ШОК субъектілерінің қарыздар бойынша сыйақыны субсидиялауға қол жеткізуі бойынша тең бәсекелестік алаңы құрылуға тиіс.

ҚНРДА қаржы институттары мен рейтингтік сервистердің кең ауқымының қаржылық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге тиіс. Ұлттық Банктің экономиканы қолдаудың барлық бағдарламаларынан шығуын ескере отырып, 2023 жылдан бастап сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау алып тасталып (субсидиялау бойынша қабылданған міндеттемелер орындалып), нарықтық мөлшерлемелерге біртіндеп көшу басталады. Босайтын қаражат гранттық қаржыландыруға, экспорттық қаржыландыруға, қор нарығында қаражат тарту жөніндегі шығыстарды өтеуге, мамандандырылған инфрақұрылымды, кәсіпкерлік экожүйелерді дамытуға, оқытуға және бизнес құзыреттерін арттыруға бағытталуға тиіс.

Шет елге өнім шығаруды әртараптандыру және сырт ел өніміне тәуелділікті азайту бойынша мақсаттарға қол жеткізілуіне қарай Ұлттық Банк 2023 жылдан бастап 2025 жылға қарай Қазақстан экономикасын несиелеудің нарықтық қағидаттарына толық көшуді аяқтай отырып, экономиканы қолдайтын мемлекеттік бағдарламаларға қатысуын біртіндеп тоқтата бастайды.

Бәсекеге қабілетті ШОК субъектілері үшін капитал нарығына қолжетімділік қамтамасыз етілуіне тиіс. Ұлттық экономика министрлігі, ҚНРДА мүдделі мемлекеттік органдармен, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамымен және «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамымен бірлесіп, қор нарығына орташа капиталдануы бар компанияларды тарту үшін ынталандыру шаралары топтамасын пысықтауда. Үкімет ШОК-тың қор нарығына шығу, инвесторлар үшін сапалы сараптаманы сүйемелдеу және беру жөніндегі шығыстарын өтеуді ұсынуға тиіс, бұл эмитенттер арасында бағалы қағаздарды шығару және орналастыру шығасыларын азайтады. Орта бизнес субъектілері инвесторлар үшін кепілдіксіз тәуекелді болып көрінетін жобаларға облигациялық қарыздар бойынша кепілдіктер беру нысанында мемлекеттік даму шараларының жаңа құралдарын пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Даму институттары кепілдіктерді негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасына бере алады. Мемлекеттік инвестициялардың қайтарымдылығы мақсатында қор нарығына шығу жөніндегі қарсы міндеттеме қойылуы мүмкін компанияларды дамытуға арналған шаралар топтамасы айқындалуға тиіс.

Тәуекелді қаржыландыру жүйесі одан әрі дамытылуға тиіс. АХҚО өзінің инфрақұрылымын және жеке венчурлік капиталды тарту мүмкіндіктерін ұсынуға тиіс. Ғылым және ғылыми-технологиялық даму саласындағы саясатта жаңа технологияларды коммерцияландыру мен олардың трансфертін қаржылық және қаржылық емес қолдау көзделуге тиіс. Ғылыми-зерттеу жобаларына гранттар беру және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру кезінде бірлесіп қаржыландыру тетігі арқылы өндіріспен байланыс қамтамасыз етілуге тиіс.

Ғылым және ғылыми-технологиялық даму саласындағы мемлекеттік саясат экспорттық әлеуеті жоғары немесе ішкі нарықта, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс/сатып алу арқылы қажеттілікке ие отандық технологияларды әзірлеу және/немесе шетелдік технологияларды оқшаулау үшін сұраныс жасауға бағытталуға тиіс.

Мемлекеттік сыртқы сауда саясаты, өнеркәсіптік саясат пен техникалық реттеу саясаты қазақстандық ШОК-ты интернационалдандыруға бағытталуға тиіс. Орталық Азия мен ЕАЭО нарығы – қазақстандық өндірушілердің өнімдерін ілгерілететін шешуші нарық. Кросс-шекаралық инвестицияларды ынталандыру, ел арасындағы кооперацияны дамыту мен кросс- және трансшекаралық нарықтарды ашу үшін түсінікті және бүкпесіз техникалық реттеу мен стандарттау саясаты енгізілуге тиіс.

Ұлттық цифрлық сауда порталдарын құру үшін ынталандырулар, қазақстандық ШОК-тың халықаралық цифрлық сауда порталдарына кіруі үшін шаралар мен құралдар ұсынылуға тиіс.

Кластерлік бастамаларды құру және дамыту жөніндегі жұмыс жалғастырылуға тиіс. Кластерлік бастамаларды дамыту үшін арнайы қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары көзделуге тиіс. Кәсіпкерлік байланыстар мен коллаборацияны дамытуға, ортақ пайдаланылатын көрсетілетін қызметтерді берушілерді, технологияларды тарату жүйесін дамытуға және кластерлік бастамаға қатысушылар тарапынан қоса қаржыландыру болған жағдайда, үздік тәжірибелер мен кооперациялау және өзара іс-қимыл жөніндегі басқа да шешімдерді қолдануға қажетті «жұмсақ» инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударылады. ШОК-тың инновациялық әлеуетін арттыру үшін инновацияларды тарату, оқыту, сапаны басқару, нарыққа (оның ішінде сыртқы нарыққа) қол жеткізуді қамтамасыз ету және тәуекелдерді азайту жөніндегі платформалар мен институттар инвестициялық қолдау табады. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің кооперациясын дамытуды ынталандыру жөніндегі тетіктер – өңірлік азық-түлік хабтары енгізілуге тиіс. Бұл ауқым әсеріне қол жеткізуге, олардың келіссөз күшін ұлғайтуға және құн жасау тізбегінде ұтымды жайғасымды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ШОК-та инновациялар мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) өсуі және оларды ынталандыру үшін ғылыми-қолданбалы зерттеулерге арналған заманауи инфрақұрылым жасалуға тиіс. Технологиялық дамудың түйінді бағыттары

бойынша ұлттық ғылыми-зерттеу орталықтары желісін (зертханаларды) дамыту үшін кәсіпкерлерге ынталандырулар ұсынылуға тиіс. Технологиялар сараптамасын, консультациялық көрсетілетін қызметтерді және алдын ала мақұлданған технологиялық шешімдерді қалыптастыруды қоса алғанда, сараптамалық сүйемелдеуге бағытталған ғылым мен ғылыми-технологиялық даму саласындағы саясат қалыптастырылып, іске асырылуға тиіс.

Үкімет кәсіпкерлікті қолдау орталықтары мен инкубаторлар желісінде бизнесті дамыту жөніндегі консультанттар мен бизнес-тренерлердің тұрақты кәсіби дамуына инвестиция салады. Ол үшін серіктестер санын арттыру және географиясын кеңейту есебінен ШОК басшыларын даярлаудың оқыту бағдарламаларына және «Іскерлік байланыстар» бағдарламаларына қатысушылар саны кеңейтілуге тиіс.

Бизнесті диагностикалау үшін жаңа құралдарды құруға және қолданыстағыларын дамытуға ынталандырулар ұсынылуға тиіс. Бұл құралдарды кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарындағы консультанттар пайдалануға және ШОК үшін өзіндік диагностика жүргізіп, онлайн ұсынымдар алуына мүмкіндіктер ұсынылуға тиіс.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (бұдан әрі – ӘКК) қызметін жаңарту арқылы әрбір аймақта жұмыс жасайтын кәсіпкерлік саласын дамытудың аймақтық институттары құрылады. ӘКК кәсіпкерлік саласын дамытуға жаппай жағдай жасау жөніндегі негізгі құралға айналады.

Аймақтың дамыту институттарының жауапкершілік бағыты төмендегідей:

- 1) аймаққа инвесторларды тарту жұмысы;
- 2) аймақта өнімді аймақтан тыс аймақтарға және шет елге өткізуді көтермелеу;
- 3) ірі кәсіпорындар мен ШОК қарым-қатынасын дамыту және ұлғайту;
- 4) аймақтық өнім шығарушылар біліктіліктерін дамыту;
- 5) арнайы аймақтарды және кәсіпкерлікті дамытуға арналған учаскелерді дайындау арқылы аймақтық кәсіпкерлік саласын дамытуға көмектесу міндеттері кіреді.

ӘКК-ні аймақтық даму институттары қатарында алға шығару жөніндегі әрекеттерді пайымдайтын және осы кәсіпкерлік саладағы бар мәселелерді шешетін жоспарлар қажет.

Бұл ретте өңірлік институттар экономиканың барлық секторларында өңірде жұмыс істейтін ірі компаниялармен әріптестікте келісімшарт жасасу орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс.

**Мемлекеттік қолдау шаралары құрылымының тиімділігін қамтамасыз ету.** ШОК субъектісінің санатына, оның салық төлемдері серпініне, өмірлік цикл кезеңіне және даму әлеуетіне байланыстыра отырып, ШОК-ты дамытуды ынталандыру құралдары мен мемлекеттік шараларының қолжетімділігіне саралау жүргізілуге тиіс [8].

Ол үшін мемлекеттік реттеу және кәсіпкерлікті ынталандыру шараларының негізгі векторы барлық даму кезеңдерінде бизнестің үздіксіз

дамуын қамтамасыз етуге бағыттталатын болады, бұл кейіннен шағын бизнестің басым бөлігінің орта бизнеске және орта бизнестің ірі бизнеске көшуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлік саласы дамуының негізгі бағыты:

- ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді бизнес-бастаманы іске асыру бойынша қолдауға (бұл бағытта гранттық қолдау жалғасын табатын болады);

өмірлік циклдің барлық кезеңдерінен өту үшін микро және шағын кәсіпорындарды сапалы дамытуға;

орта бизнестің орнықты тобын өсіруге;

даму әлеуеті бар, бірақ өздері ықпал ете алмайтын қиын жағдайға тап болған кәсіпорындарды дағдарысқа қарсы қолдауға бағыттталатын болады.

Осылайша, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге кәсіпкерлікке тән құндылықтарды дәріптеуге, қажетті құзыреттерді дамытуға бағыттталған барлық қаржылық емес қолдау шараларына (кеңес беру, оқыту, ақпараттандыру), сондай-ақ қаржылық қолдау шараларының (гранттар) лимиттелген санына қолжетімділік беру түрінде ынталандырулар ұсынылуға тиіс.

Бұл ретте бизнестің осы санаты үшін тиісті қолдау шараларын алуда іріктеудің қатаң өлшемшарттары мен қарсы міндеттемелер қойылмайды.

«Кәсіпкерлік саласы белсенділік өсім сатысында» бизнес субъектілеріне қаржылық қолдау шараларының лимиттелген кешені (субсидиялау, кепілдік беру, жеңілдікті кредиттеу түрінде) ұсынылатын болады, сондай-ақ қажетті қаржылық емес қолдау шаралары (қызметкерлердің біліктілігін арттыру, іскерлік байланыстар орнату, ішкі нарыққа қатысуды арттыру бойынша сүйемелдеу және т.б.) қолжетімді болады.

Мыналар мұндай компанияларды іріктеудің негізгі өлшемшарттары болады:

- 1) нарықта кемінде 3 жыл қызмет ету;
- 2) салық бойынша берешегі болмауы;
- 3) кірістің кемінде 10 пайызы өсу қарқыны;
- 4) 80 пайыз сапалы жұмыс орындарын құру.

Өсу әлеуеті бар, бірақ қиын жағдайға тап болған шағын және орта бизнес компаниялары үшін дағдарыстық жағдайдан шығу бойынша ынталандырулар ұсынылады.

Мұндай ұйым үшін басты өлшемшарт ретінде форс-мажордың мән-жайын және банкроттық рәсімдерінің жоқтығын растайтын құжат болады.

Бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағдары кейіннен ұлттық экономиканың көшбасшыларына трансформациялану әлеуеті бар бәсекеге қабілетті экспортқа бағдарланған орта буын компанияларын дамытуға бағыттталатын болады.

Аталған компаниялар үшін арнайы әзірленген «Кәсіпкерлік – жаңа формациядағы элита: жаһандану жолы» бағдарламасы аясында техникалық құжаттаманы әзірлеуге көмектесуден бастап жеңілдікпен қаржыландырудың жекелеген шарттарына, пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға, ішінара

кепілдік беруге, лизингке, үлестік қаржыландыру құралдары мен қаржы нарығын пайдалануға дейін қаржылық та, қаржылық емес те қолдау шараларының кең ауқымы, сондай-ақ қолдаудың өзге де тетіктері ұсынылатын болады.

Негізгі талаптар мыналарға негізделетін болады:

1) өнім шығару шет елге бағытталу – үміткер кәсіпкер өз өнімін, жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін сыртқы нарықтарға өткізуге немесе өткізуге талап білдіруге тиіс;

2) жоғары еңбек өнімділігі – еңбек өнімділігі жылына 1 жұмыскерге шаққанда орташа салалық көрсеткіштен артық болуға тиіс;

3) бюджетке тұрақты түрде салық түсімдерін бөлу.

Көрсетілген өлшемшарттарға сәйкестікті бағалауды орталық мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері негізінде жүзеге асыру ұсынылады.

Бұл ретте аталған компанияларға тексеруден және субъектілерге бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатып, оның орнына бизнестің ашық есептілігін енгізу түрінде ынталандыру ұсынылатын болады.

Қарсы міндеттемелер алатын мемлекеттік ынталандыру шарасының түрі мен көлеміне қарай пропорционалды түрде айқындалады және мынадай бағыттары бойынша жиынтықта немесе жеке түрде қолданылатын болады:

1) кәсіпорында еңбек өнімділігін арттыру;

2) шет елге өнім шығару көлемін өсіру;

3) салық түсімдерін өсіру;

4) шикізат өңдеуде тереңдету технологияларын пайдалану.

Осындай жобалық тәсілде ұлттық экономиканың жетекшісі бола алатын бәсекеге қабілетті мықты кәсіпорындарды өсіру бойынша әлемдік және отандық үздік тәжірибе қамтылатын болады.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының жауапты мекемелері мемлекеттік қолдау шараларын алушылар туралы ақпаратты ашу жөніндегі үлгілік шарттарды әзірлеу және бекіту бөлігінде қаражат берудегі қаржы операцияларының ашықтығын арттыру бойынша түбегейлі шаралар қабылдауға тиіс.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қолдау шараларын алушылардың ашық бірыңғай тізілімін құру қажет, ол әрбір кәсіпкерлік субъектісі бойынша бұрын алынған қолдау шаралары және төленген салықтарының сомасы, жұмыскерлерінің саны түріндегі осы қолдаудың әсері туралы барлық ақпаратты беруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен (2018 жылғы 15 ақпандағы № 636) бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында (бұдан әрі – ҰДЖ) әртараптандырылған және инновациялық экономика құруға бағытталған жалпыұлттық даму басымдықтары айқындалған. Сонымен бірге ШОК-ты дамытуға қатысты ағымдағы саясатты іске асыру көрсетілген мақсатпен толық көлемде сәйкес келмейді [9].



Мемлекеттік органдардың тиісті салаларда жүргізіп отырған реттеуінде кәсіпкерлікке деген көзқарас адамдардың ынтасына және адами капиталдың сапасына байланысты екені толық көлемде ескерілмейді, осыған байланысты ерікті кәсіпкерліктің өсуін арттыру үшін алғышарттар жоқ.

Сонымен қатар, институционалдық ортаның ағымдағы жай-күйі кәсіпкерлік белсенділікті тежейді. Жоғарыда келтірілген ШОК дамуының институционалдық шарттарын талдау бизнес меншігінің қорғалмауынан (тәркілеудің жоғары тәуекелі), бәсекелестіктің жеткілікті дамымауынан, баға белгілеуге тікелей және жанама араласудан көрінетін бірқатар проблемалардың бар екенін айғақтайды, бұл өз кезегінде кәсіпкерлік белсенділіктің өсуін қамтамасыз етпейді. Бұдан басқа, жекелеген салалардағы әкімшілік-құқықтық реттеу жүйесі шағын кәсіпорындарға қатысты жағымсыз болып қалады және шағын шаруашылық нысандары шеңберінде кәсіпкерлік қызметті жүргізу ерекшелігін ескермейді.

Фискалдық жүктеменің жоғары деңгейімен осы жағдайлар қызметтің бастапқы кезеңдерінде тұрған кәсіпорындарға өнім өткізу нарығын ұлғайтуға, кірістілікті арттыруға және осылайша микробизнестен шағын немесе орта бизнеске көшуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Мемлекеттік қолдаудың ағымдағы құрылымы мемлекеттік саясаттың тиімділігін төмендететін бірнеше фактор ықпал етеді:

- ШОК субъектілерін сапасы жағынан емес, саны жағынан қамтуға бағдарлану, бұл шектеулі мемлекеттік ресурстардың тиімсіз жұмсалуды және бизнесте масылдық көңіл-күйдің пайда болуын туындатады;

- әртүрлі санаттағы субъектілердің (микро, шағын, орта) қолдауымен сараланған тәсілдің болмауы, бұл өмірлік циклдің барлық кезеңдерінен өтуде қиындықтар туындатады;

- мөлшерлес емес қарсы міндеттемелер;

- қолдау шараларында облыстағы аудандарды және облыстық маңызы бар қалаларды қоса алғанда, өңірлер деңгейінде салалық ерекшелікті есепке алудың болмауы;

- қаржылық қолдау шараларына баса назар аудару, алайда қаржылық емес шаралар ШОК проблемаларын құзыреттілікті арттыру және қарыз капиталының құнына байланысты емес бәсекеге қабілеттілік факторларын күшейту арқылы шеше алады.

Орта бизнесті өсіру бойынша белгіленген стратегиялық бағдарларды ескере отырып, мемлекеттік қолдау шараларының қолданыстағы жүйесін сапа жағына қарай, атап айтқанда бәсекеге қабілетті кәсіпкерлерді қолдауға қайта бағдарлау қажет.

Сонымен қоса, қаражат бөлінгеннен бастап түпкілікті алушыға жеткізілгенге дейін мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің бүкіл процесінің ашықтығы қамтамасыз етілмеген.

Қолдау көрсетуге жауапты мекеме және (немесе) қаржы институттары нақты себептер бойынша ашпайтын мемлекеттік қолдау шараларын түпкілікті

алушылар туралы анық ақпараттың (қаражаттың нысаналы игерілуі туралы деректер) болмауы, сондай-ақ осы ақпаратты ашу жөніндегі заңнамалық талаптардың болмауы мемлекеттік қолдау шараларының сапасы мен тиімділігінің қадағаланып тұруына теріс әсер етеді. Сондай-ақ бұрын ұсынылған мемлекеттік қолдау шаралары туралы мәліметтерді жинақтауға мүмкіндік беретін, оның ішінде бөлінетін қаражаттың тиімділігін бағалау және берілетін қаражат бойынша шешімдер қабылдауды қолдау үшін мемлекеттік қолдау шараларын алушылардың ашық бірыңғай жүйесі жоқ.

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың үрдістеріне келетін болсақ. Әлемдік трендтердің әсері, өткен жылдардағы елімізде орын алған қиындықтар және оның салдарын қалпына келтіру кәсіпкерлік саласын дамытудың ұзақ мерзімді бейнесі мен ерекшеліктерін және ШОК-ты дамытудың мемлекет басымдықтарын барынша айқындап берді.

Өткен жылдары өткен пандемия салдарынан өзара қарым-қатынас жасауға салынған шектеулермен цифрлық технологияларды дамыту тренді қоғам мен кәсіпкерлік саласының көптеген бағыттарын **цифрландыру үрдісін жеделдетті**. Қашықтан өзара қарым-қатынас жасау форматы жаңа нормаға айналып келеді. Цифрлық технологиялар құрылғыларын енгізу және пайдалану кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі әсер етуші күшінің біріне айналуға, электрондық сауда мен қаржылық технологиялар секторын дамыту үшін күшті ынталандыруға ие болды.

Орын алған қиындықтар салдарын қалпына келтіру жағдайында экономиканы әртараптандырылған және инновациялық экономиканы құруға бағытталған институционалдық өзгерістер қажеттігі туындады. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын олардың тиімділігі және қолдау алушы азаматтарды іріктеу өлшемшарттарын ынталандыру және экономикалық белсенділікті дамыту жағына қарай бағалаудың қажеттігі ерекше болып анықталды.

Осыдан сыртқы мәселелердің әсері экономиканы қайта құруға және жұмыс жасап тұрған ШОК үшін реттеушілік талаптарды азайту мақсатында реттеу талаптарын өзгерту қажеттігі туындады. ШОК-тың тиісті нарықтарға қолжетімділігін ұлғайту мақсатында кедергілерді жоюға бағытталған құқықтық орта құру арқылы реттеуші жүйені ШОК дамуына бағдарлауды анықтап берді.

2023 жыл соңына дейін ШОК-ті «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба» шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылып келген болатын [10]. Аталған ұлттық жоба аясында кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық және қаржылық емес шаралары ұсынылған.

Бүгінгі күні кәсіпкерлікті қолдау шаралары жаңартылған кәсіпкерлерді қолдаудың кешенді бағдарламасы арқылы жалғасуда. Төменде қолдау шараларын қарастырып өтеміз.

**Кредиттер бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау.** Бұл бағыт Экономиканың басым секторларында өз жобаларын іске асыратын шағын және орта бизнес субъектілері үшін, елді мекендердегі (*моно және шағын қалалар,*

*ауылдық елді мекендер*) салалық шектеулерсіз көзделген жобалар үшін. Кәсіпкер үшін пайыздық мөлшерлеме жылдық 6% құрайды. Ең жоғарғы сома-3 млрд. теңгеге дейін, кредиттеу мерзімі-инвестицияларға 5 жыл, айналым қаражатын толықтыруға 3 жыл.

Бұдан басқа, ұлттық жоба шеңберінде шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін 5% мөлшерлеме бойынша салалық шектеулерсіз 6% мөлшерлеме бойынша, ал моно -, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде кепілсіз негізде микрокредиттер беру көзделеді.

Ең жоғарғы сома инвестицияларға 20 миллион теңгеден аспайды, ал айналым қаражатын толықтыруға – 5 миллион теңгеден аспайды, кредит беру мерзімі тиісінше 3 және 2 жыл.

**ЕДБ арқылы жеңілдікпен микрокредит беру.** Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында өңірлерде ШОК-ты жеңілдікпен несиелендірудің жаңа тетігі енгізілді. Осы тетік шеңберінде ТЖ кезеңінде немесе ҰЭМ-мен келісу бойынша өзге де жағдайларда әлеуметтік осал өңірлерде кәсіпкерлерді қолдау мақсатында «Даму» Қорының және жергілікті бюджеттің микширленген қаражаты есебінен 1% - дан басталатын түпкілікті мөлшерлемемен ШОБ субъектілерін қолдаудың өңірлік бағдарламалары шеңберінде микрокредиттер бойынша субсидиялар берілетін болады.

**Банктердің кәсіпкерлерге берген кредиттеріне ішінара кепілдік беру.** Кепілдіктердің ең жоғары мөлшері – ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін 85%, жұмыс істеп тұрғандар үшін 50%, кепілдік сомасы тиісінше 360 млн.теңгеден және 1 млрд. теңгеден аспайды.

Кепілдендіру құралы жүзеге асырылады:

- елді мекендердегі жобалар үшін (моно және шағын қалалар, ауылдық елді мекендер) - салалық шектеусіз

- Республикалық маңызы бар қалалардағы/облыс орталықтарындағы жобалар үшін-экономиканың басым секторлары шеңберінде

**Кәсіпкерлер жобалары мен индустриялық аймақтардың жетіспейтін инфрақұрылымын қамтамасыз ету.** Бұл қолдау шағын және орта бизнес субъектілері үшін, оның ішінде экономиканың басым секторларында өз жобаларын іске асыратын индустриялық аймақтарды құру және дамыту үшін көзделген. Сондай-ақ қазіргі заманғы форматтағы сауда объектілерін салу жобаларына жетіспейтін инфрақұрылымды жеткізуге жол беріледі.

Бұл ретте, инфрақұрылым құрылысының құны жоба құнының 50% - ынан аспауға тиіс, ол мынадай өлшемшарттарға сай келуге тиіс:

- ШОБ үшін-жобаға инвестициялар көлемі кемінде 200 млн теңге болуы тиіс, ал инфрақұрылым құрылысының ең жоғары сомасы 1 млрд.теңгеден аспайды (мемлекеттік ұсыным бойынша жобаларды қоспағанда). ҚР экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі комиссияға 5 млрд. теңгеден аспайтын сомаға);

- индустриялық аймақтардың жобалары үшін-жобаға инвестициялар көлемі-кемінде 10 млрд. теңге, құрылыс құны - кемінде 2 млрд. теңге;

- сауда объектілері үшін – Республикалық маңызы бар қалаларда кемінде 3 мың шаршы метр және облыстарда кемінде 1 мың шаршы метр сауда алаңының болуы.

**Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру.** Мемлекеттік гранттар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне (*ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлер, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер*) экономиканың басым секторларында өтеусіз негізде беріледі. Бір кәсіпкер үшін мемлекеттік грант сомасы 5 млн.теңгеге дейін құрайды. Негізгі шарттар – грант сомасының кемінде 10%-ы мөлшерінде жобаны қоса қаржыландырудың болуы және кәсіпкер жобасының бизнес-жобаның жаңашылдығын, тиімділігін, дайындығын және т. б. қамтитын өлшемшарттарға сәйкестігі.

Бұл ретте, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін (*көп балалы отбасылар, жасы бойынша зейнеткерлер, 1, 2 топ мүгедектері және т.б.*), сондай-ақ III топтағы мүгедектер үшін қоса қаржыландырудың болуы және бизнес-идеяның жаңашылдық критерийіне сәйкестігі гранттық қаржыландыру шеңберінде міндетті шарттар болып табылмайды.

**Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге сервистік қолдау көрсету.** Құрал тиімділікті арттыру мақсатында Кәсіпорынды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған және экономиканың барлық секторларында әрекет ететін ШОК субъектілеріне өтеусіз негізде мамандандырылған қызметтердің түрлерін ұсынады: бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізуге; сондай-ақ статистикалық есептілікті жасауға байланысты қызметтер; сыртқы экономикалық қызмет бойынша консультациялық қызметтер; интернет - маркетинг бойынша кеңес беру қызметтері; заңгерлік қызмет көрсету; маркетинг мәселелері бойынша қызметтер; ақпараттық технологияларға қызмет көрсету саласындағы қызметтер; мемлекеттік сатып алуға, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын пайдаланушыларды сатып алуға байланысты қызметтер; отандық тауар өндірушіге өндірілетін өнімді өткізуге жәрдемдесу жөніндегі консультациялық қызметтер.

**Кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамасы бар халықты ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету.** Құрал экономиканың барлық секторларында және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа оффлайн және онлайн режимдерде өтеусіз негізде әрекет ететін шок субъектілеріне ұсынылатын ақпараттық-консультациялық қызметтер кешенін қамтиды.

Кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамасы бар халықты ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер мыналарды қамтиды:

- мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттандыру және кеңес беру бағыты бойынша ұсыныстар енгізеді;

- өтініштерді сүйемелдеу бағыты бойынша ұсыныстар енгізеді.

**Ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету шеңберінде облыс және аудан орталықтарында, моноқалалар мен шағын қалаларда филиалдары бар 209 – дан астам кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары (*бұдан әрі-КҚКО*) жұмыс істейді.**

КҚКО-да мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау шаралары бойынша консультациялық қызметтер көрсетіледі («Бизнестің жол картасы-2025», «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған, «Басым жобаларға кредит беру және қаржы лизингі тетігі»).

**«Іскерлік байланыс».** Құрал ұқсас бейіндегі шетелдік кәсіпорындарда тақырыптық бизнес-тағылымдамадан өту арқылы ынтымақтастықты, шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстар орнату мүмкіндігін кеңейту мақсатында іске асырылады.

Бұл құрал ГФР Экономика және энергетика федералды министрлігі мен ҚР ҰЭМ арасында қол қойылған үкіметаралық келісім аясында жүзеге асырылуда.

Осы құралдың негізгі міндеті бағдарлама шеңберінде өз қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын шок субъектілеріне халықаралық және шетелдік ұйымдардың қолдауымен шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстар орнату есебінен қолдау көрсету болып табылады.

**«Мен - Кәсіпкер» кәсіпкерлік қызметті тиімді жүргізуге оқыту».** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 43 қаулысы ШОК субъектілері үшін өтеусіз негізде ұсынылатын және мыналарды қамтитын "Мен - Кәсіпкер" жаңа оқыту құралы енгізілді: ШОК субъектілерін кәсіпкерлік қызметті жүргізудің функционалдық бағыттарына оқыту, оның ішінде цифрлық сауаттылықты арттыру бойынша; қажетті оқыту материалын және құжаттардың стандартты пакетін ұсыну (*қаржыландыруды алуға арналған құжаттардың үлгілік нысандары, салалар бойынша маркетингтік зерттеулердің есептері, инновацияларды енгізу саласындағы тәжірибе, бизнес-жоспарлар және электрондық түрдегі оқыту бейнероликтері*); ақпараттық-талдамалық қолдау және қаржылай емес қолдау операторының оқыту веб-порталына еркін қолжетімділікті ұйымдастыру.

2024 жыл басынан экономиканың түрлі секторларында мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалануды және бәсекеге қабілетті, импортты алмастыратын кәсіпорындарды дамытуды қамтамасыз ету мақсатында бекітілген отандық кәсіпкерлерді қолдаудың жаңартылған кешенді бағдарламасын іске асыруды бастады [1]. Қолдаудың кешенді шаралары кәсіпкерлікті қолдаудың бұрын қолданыста болған бағдарламасын жетілдірді және мынадай бағыттардағы өзгерістерді көздейді:

- шағын кәсіпкерлік;
- шағын және орта кәсіпкерлік;
- шағын, орта және ірі кәсіпкерлік. өнеркәсіп және қызметтер;
- моно және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлік;
- әлеуметтік кәсіпкерлік;
- қор биржасы (KASE, АХҚО).

Бағдарлама шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау негізінен өңдеу өнеркәсібі, АӨК қайта өңдеу және жоғары

технологиялық қызметтер жобаларына бағытталған. Жаңа тәсілдер шеңберінде мөлшерлемені субсидиялаудың сараланған әдісі пайдаланылатын болады. Мұндай жобалар бойынша 3 жыл ішінде түпкілікті қарыз алушы үшін мөлшерлеме 8%, 4 жылға 9% және 5 жылға 10% құрайды.

Сонымен қатар, Бағдарлама қор нарығын дамытуды көздейді. Мәселен, облигациялар шығарылымының жиынтық номиналды құны 3 млрд теңгеден 5 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

Сондай-ақ, Қор қаржылық қолдау шараларын кеңейтуге және субсидиялау құралынан кепілдік беру құралдарына кезең-кезеңімен көшуге ниетті.

Бұл жаңалық несиелер бойынша кепілдіктердің кеңеюімен қатар жүреді. Бүгінгі күні кепілдіктер берілетін кредиттер сомасы 1 млрд.теңгеден 3,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылды, кепілдік мөлшері кредит сомасының 50% - на дейін.

Тағы бір өзгерістердің бірі, шағын және орта кәсіпкерлікке арналған мемлекеттік гранттар тек әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне және «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалистері болып табылатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау шаралары кәсіпкерлерге жаңа жұмыс орындарын құруға және бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі. Бұл шаралар жаңа технологиялардың дамуына ықпал етеді және бизнестің халықаралық нарықтарға шығуына мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, олар әр түрлі аймақтардағы экономиканы жақсартуға, оларды өмір мен жұмыс үшін тартымды етуге көмектеседі.

## 1.2. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудағы халықаралық тәжірибелерді талдау

Шетелдік озық тәжірибелердің халықаралық тәжірибесі ШОК – ты дамытудың сапалы пысықталған саясаты-кедейліктен шығу және формалды емес экономиканы төмендету екенін көрсетеді.

Экономикалық байлық өсіп, табысы орташадан төмен дамушы елдің деңгейінен табысы орташадан жоғары және жоғары дамушы елдің деңгейіне ауысқан сайын, мақсат қою ШОК-тың тұрақты экономикалық дамуға, экономиканы әртараптандыруға, инновациялар мен креативті индустриялардың өсуіне қатысуына ауысады. Кәсіпкерлік саласын дамыту үшін маңызды формальды институционалдық шараларды салыстыру жолы арқылы талдау елімізде бейімделу үшін мүмкін болатын шешімдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Экономикалық еркіндік беру, әкімшілік кедергілерді азайту, баға белгілеуді өзгерту және бәсекелестікті дамыту бөлігінде институттарды трансформациялау жағдайында кәсіпкерлік белсенділікті қалай ынталандыруға болатынын көрсететіндіктен, Кавказ елдерінің тәжірибесі анағұрлым тартымды болып табылады [11].

Арменияның әкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі тәжірибесі ең көрнекі болып отыр. Армения Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) бойынша Қазақстанның әріптесі болып табылады және мемлекеттің фискалдық мөлшерінде еркіндік деңгейі Қазақстанмен ұқсас. Бұл ретте Армения Қазақстанға қарағанда төмен интегралдық рейтингке ие бола тұра, бірқатар шарттар бойынша үздік көрсеткіштерге қол жеткізген. Армения рәсімдер санын, олардың уақыты мен құнын қысқарта отырып, «бизнес ашуда» (4 рәсімнен 3-ке дейін, 5 күннен 4-ке дейін), «электр энергиясына қосылуда» (6 рәсімнен 2-3-ке дейін), «құрылысқа рұқсат алуда» (уақытын – 102,5 күннен 99 күнге дейін, құнын – қойма құнының 2,1%-ынан 1,3-1,6%-ға дейін) және «төлем қабілетсіздігі бойынша шешім шығаруда» (құнын – мүліктің 15%-ынан 11%-ға дейін) 2018 – 2019 жылдары көрсеткіштерін жақсартта алды.

Осы салдардан ҰДЖ-да кәсіпкерлікті жүргізу үрдістері бойынша әкімшілік кедергілерді одан әрі қысқарту қажеттігі айқындалғанын ескерсек, бұл тәжірибені Қазақстанда қолдануға болады.

Грузия мемлекеті тәжірибесі инвестициялар еркіндігін беру және ашық бәсекелестікті нақтылау саласында біздің елде қолдануға жарамды. 2000-шы жылдардағы реформалардан кейін Грузия ЭЕИ-де инвестициялар еркіндігі саласында бірден жоғары көтерілді, бұл әсіресе денсаулық сақтау саласында жеделдетілген жекешелендіруге негізделді. 2011 жылы Грузияда «Экономикалық еркіндік туралы органикалық заң» да қабылданды, онда халықтың экономикалық және азаматтық еркіндігі мен мемлекеттің араласуын шектеу қамтылды. Жасалған заңға сәйкес Грузия резиденттер мен бейрезиденттер үшін қаражат қозғалысына шектеулерді алып тастады.

Мұндай жағдайларда Қазақстанмен салыстырғанда Грузияның тартымды инвестициялық ахуалды қамтамасыз етуге байланысты тәжірибесі анағұрлым жағымды болып көрінеді.

1990-шы жылдардың басындағы Перудің меншік құқығын формалдандыру жөніндегі тәжірибесі меншік құқығын қорғау бөлігінде ең жарқын мысал бола алады. Формалдандыру бағдарламасының алғашқы үш жылында бұрын бейформалды меншікте болған 150 мыңнан астам объект тіркелді. Бейформалды мүлікті тіркеу құнының төмен болуы реформаның табысты жүзеге асуының негізгі элементі болды, оны мемлекет көлеңкелі сектордан көшудің транзакциялық шығасыларын қысқарту үшін қажеттілік түрінде субсидиялады. Жүйеде мүлікті тіркеу рәсімдерінің саны өте аз болғандықтан, кедей халық үшін тартымды еді, сондай-ақ ол формалдандырудың артықшылықтары туралы жергілікті деңгейде ақпараттандыру арқылы халықты тіркеуге ынталандырды.

Малайзия да меншік құқығын, әсіресе зияткерлік меншік құқығын қорғау бөлігінде табысты реформалардың үлгісі болды. Яғни, Малайзия 2011 – 2013 жылдары электрондық тіркеу және төлеу жүйесін енгізу арқылы мүлік құқықтарын беру рәсімінің уақытын 41 күннен 2 күнге дейін қысқарта алды. Өз кезегінде, мұндай практикаларды Қазақстанда қолдану кәсіпкерліктің экономиканың көлеңкелі секторына кетуге деген ынтасын жояды, ашық кәсіпкерлік жүргізу үшін жағдай жасайды.

Зияткерлік меншік институтын дамыту саласында Малайзияның 2012 жылы World Intellectual Property Organization (WIPO) кіруі және патенттерді, тауар белгілері мен авторлық құқықты қорғау саласындағы көптеген халықаралық келісімдерге қол қоюы маңызды фактор болды. Ғаламдық ақпараттық кеңістікке интеграцияланудың мұндай түрі жергілікті кәсіпкерлерге қолданыстағы өнертабыстар мен инновацияларға қол жеткізуге, тауашаларды табуға және тіркеуге мүмкіндік берді.

Мұндай практиканы Қазақстан болмысында қолдану зияткерлік меншікті одан әрі дамыту үшін жағдай жасауға, оны іске асырудың жаңа нысандарын ашуға және зияткерлік меншік объектілерін сыртқы нарықтарға импорттауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметте, сот жүйесінде және құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлігінде 2000-шы жылдардан бастап құқық үстемдігі элементтерін жетілдіруді жалғастырып келе жатқан және дамыған ЭЫДҰ елдері деңгейінде өңірдегі ЭЕИ көрсеткіштері жоғары жалғыз ел болып табылатын Грузияның тәжірибесі анағұрлым жақсы.

2000 жылы Грузияда Transparency International Georgia (TI Georgia) үкіметтік емес ұйымының филиалы құрылды, ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларға тәуелсіз талдау, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бастамаларының барлық деңгейлерде орындалуына мониторинг жүргізеді.

Қазақстаннан елеулі айырмашылығы – Грузия бюджеттік ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуі рейтингінде әлем бойынша екінші орынды иеленіп,



өңір елдері арасында ақпараттың неғұрлым жоғары деңгейде ашықтығын қамтамасыз етеді. 2012 жылы біріздендірілген жария ақпараттық жүйе құрылды, оған мемлекеттік органдар бюджеттер және сатып алу бойынша деректерді енгізуге міндетті. Жоба Грузияның 2011 жылы құрылған, ашық мемлекеттің мүддесін нығайтуға, әкімшілік кәсіпқойлықты, ашық азаматтық бақылауды дамытуға бағытталған «Ашық үкімет» халықаралық ұйымына кіруі шеңберінде өткізілді.

Аумағы жағынан ірі және әртүрлі елдерде, әдетте, орталық үкімет пен өңірлік билік арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктер бөлінеді. Орталық үкіметтің жауапкершілігіне ШОК-ты дамыту үшін институционалдық жағдайларды қамтамасыз ету және саясаттың реттеушілік бөлігі кіреді. Әдетте, мемлекеттер бір жағынан кәсіпкерлер үшін өңірлер арасындағы бәсекелестікті көтермелейді және екінші жағынан ұлттық деңгейдегі міндеттерді шешу үшін жекелеген өңірлерге қосымша интервенциялар жүргізеді. Бұл практика қалыспай даму стратегиясын қолданған Азия елдерінде әсіресе айқын көрінеді [11].

Өңірлер деңгейінде тұтастай өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға және атап айтқанда ШОК-ты дамытуға шоғырланатын жеке даму институттарын құруға болады.

Мысал келтіретін болсақ, Татарстан Республикасында функцияларына кәсіпкерлікті қаржылық, ақпараттық-консультациялық, инновациялық, мүлкітік қолдау кіретін ШОК-ты дамыту жөніндегі өзіндік экожүйе жұмыс істейді. Осылайша, өңірлік билікке өңірдегі экспортты, кепілдік беруді, ИТ-парктерді, агроөндірістік парктерді, өнеркәсіптік парктер мен алаңдарды, бизнес-инкубаторларды басқаруды қолдау жөніндегі өкілеттіктер берілген.

Еуропалық Одақта (бұдан әрі – ЕО) өңірлік даму институттары өңірлік кәсіпкерлік экожүйелерді дамытудағы негізгі буын болып табылады. Мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар, жеке компаниялар өңірлік даму институттары ретінде әрекет ете алады. ЕО-дағы өңірлік даму институттарының орталық мемлекеттік органдардан зор дербестігі бар екенін, шешімдер қабылдауда икемді екенін және «бір терезе» қағидаты бойынша бизнеске жағдай жасау үшін өңіраралық (ел ішінде) бәсекелестікті қамтамасыз ететінін атап өткен жөн. Өңірлік кәсіпкерлік жүйелерді дамыту кезінде «Single Market» қағидаттарында бірыңғай еуропалық нарықты дамыту үшін өңіраралық кооперация мен коллаборацияға баса назар аударылады. 2020 жылы ЕО-да «Өзара байланыстарды картаға түсіру және талдау арқылы еуропалық кәсіпкерлік өңірлердің ынтымақтастығына жәрдемдесу» жобасы іске асырылды.

Дамушы елдерде Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығының (ASEAN) оң тәжірибесі мен сабақтары қызығушылық туғызады. Негізгі тәжірибе – орталық пен өңірлер арасында функциялардың қиылысуына жол бермейтін, міндеттерді бүкпесіз және түсінікті болатындай етіп бөлу қажеттігі. Әдетте, орталық билік саясатты құруға және тұжырымдауға жауапты, ал өңірлік билік оны іске асыруға жауапты [11].

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды нақты өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып анағұрлым тиімді іске асыруға мүмкіндік беретіндіктен, тізбеленген практикаларды орталық үкімет пен өңірлік билік арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу бөлігінде Қазақстанда қолдануға мүмкіндігін қарастыруға болады.

Өнімділіктің өсуін күшейту үшін кәсіпкерлікті қолдау шараларын бөлу бөлігінде мынадай елдердің тәжірибесі барынша тартымды болып отыр.

Мексикада ШОК-тың екі типіне қатысты екі даму бағдарламасы қолданылады. Бірінші бағдарлама ішкі нарыққа бағдарланған, ісін жаңа бастайтын кәсіпкерлерге және табиғат жағдайлары күрделі аймақтарда жұмыс істейтін ШОК-қа арналған. Екінші бағдарлама сыртқы нарықтарға бағытталған, жұмыс істеп тұрған ШОК-қа бағдарланған. Бұл ретте осы бағдарламаларда ұсынылатын құралдар дәстүрлі: оқытудан бастап жеңілдікті несиелер мен қарыздарға кепілдік беруге дейін.

Ұлыбританияда «Future Fifty» (2013) бағдарламасы іске асырылуда, оның шеңберінде Ұлыбританияда орналасқан неғұрлым перспективалы 50 цифрлық технологиялық кәсіпкерлер іріктеледі. Кәсіпкерлерді іріктеуді тәуелсіз сарапшылар панелі жүзеге асырады. Жоғары буын басшыларын қолдаудың екі жылдық тетігі негізгі мемлекеттік мекемелермен тікелей байланысты қамтамасыз ету (иммиграция, салық салу мәселелері бойынша қолдау), консультациялар және сервистік сүйемелдеу (әріптестік желіге қол жеткізу, сарапшылар қатысатын кластар мен семинарлар) сияқты шараларды қамтиды. Соңғы онжылдықта Tech Nation (технологияларды, байланыстарды, ынтымақтастықты, таланттарды дамытуға арналған жетекші платформа) 5000-нан астам компаниямен ынтымақтасып, 48 өсу бағдарламасы шеңберінде 1250 компанияның дамуын жеделдеткен [11].

Бұл кәсіпкерлер барлығы 28,1 млрд фунт стерлинг тартып, Ұлыбритания экономикасы үшін ЖҚҚ түрінде 600 млн-нан астам фунт стерлингті қамтамасыз еткен. Соңғы 10 жылда Future Fifty бағдарламасы Ұлыбританияның 130 бірегей технологиялық компаниясының 23 пайызына қолдау көрсетіп, олар барлығы 16,3 млрд фунт стерлинг жинаған. Соңғы сатыдағы жаңа технологиялы он үш компания 2022 жылға арналған Future Fifty бағдарламасына қосылды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Ұлыбритания ЖІӨ-дегі ШОК үлесі 51 пайызды құраған.

Жергілікті кәсіпкерлердің жаһандық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін дамыту бойынша ұқсас тәсіл «Global Company Partnership» (GCP) бағдарламасы шеңберінде Сингапурда да қолданылады. Бұл кәсіпкерлер қаржылық қолдау да, қаржылық емес қолдау да көрсетіледі. Қаржылық қолдау шеңберінде нарықтарға қатысуды ұлғайту немесе жаңа нарықтарға шығу жөніндегі қолайлы шығыстардың 70 пайызына дейін өтеу жүргізіледі. Сондай-ақ сақтандыру схемалары көзделген. Қаржылық емес қолдау кәсіпкерлердің құзыреттерді дамыту жөніндегі шығыстарын өтеу арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаға экспорттық әлеуетке ие, интернационалдандыру жоспары және ел үшін

экономикалық әсері бар бәсекеге қабілетті өнімдері немесе көрсетілетін қызметтері бар сингапурлық кәсіпкерлер қатыса алады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Сингапур ЖІӨ-дегі ШОК үлесі 48 пайызды құраған.

Осылайша, халықаралық тәжірибе өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін және экспортқа бағдарланған, негізінен орташа мөлшердегі бәсекеге қабілетті кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі тәсілді қолданудың тиімділігін айғақтайды.

Бұл ретте түрлі елдерде іске асырылып жатқан, тез дамып келе жатқан кәсіпкерлерді қолдайтын бағдарламалардың алуан түрлі болуына қарамастан, олардың ортақ сипаттамалары мыналар: қатысушылардың шектеулі саны; жеке қолдау; мемлекеттік қолдаудың қажетті жиынтығы; қолдау алуға, мысалы, экспортқа шығу, инвестициялармен қамтамасыз ету бойынша қолдау алуға жүгінген кезде ШОК жобаларын сүйемелдеу.

Экономикалық терминдер сөздігінде мемлекеттік қолдау түсінігін - мемлекеттік реттеу мемлекеттік органдар арқылы мемлекеттің экономикалық объектілер мен процестерге, сондай-ақ оларға қатысатын тұлғаларға қаржыландыру, бюджеттеу, салық салу, неселеу және басқа да шараларды қамтитын әсері ретінде айқындайды [12]. Бұл сөздікте Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде мемлекеттік қолдау кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруға және ол үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған мемлекеттік шаралар кешені ретінде айқындалады [13]. Осылайша, мемлекеттік қолдау экономиканы мемлекеттік реттеу құралдарының бірі болып табылады.

Кәсіпорынның орташа жылдық жұмыскерлері саны мен орташа жылдық табысы бойынша кәсіпкерлік субъектілері шағын, орта және ірі болып бөлінеді. Әлемдік тәжірибеде шағын кәсіпкерлік нарықтың сыртқы өзгерістеріне ең осал болып саналады, өйткені ол ірі бизнеспен салыстырғанда ең аз ресурстар мен мүмкіндіктерге ие. Алайда, бұл экономикада маңызды рөл атқаратын шағын бизнес, өйткені ол салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастырады және нарықтың барлық қатысушыларына тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл шағын бизнес нарығы сұраныс пен ұсынысқа негізделген нарықтық жағдайдың өзгеруіне ең сезімтал екенін растайды. Осы себепті дамыған елдердің экономикалық саясаты әртүрлі қаржылық және қаржылық емес құралдардың көмегімен шағын бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Кәсіпкерліктің даму жолын қадағалай отырып, шағын кәсіпорындардың табысты дамуы жаңа жұмыс орындарын құруға және салық түсімдерінің ұлғаюына әкелетін мемлекеттік қолдау шараларына негізделген бастапқы капиталға байланысты болатын формуланы бөліп көрсетуге болады. Шағын кәсіпкерлік үшін бастапқы капиталды қамтамасыз етудің ең танымал әдістерінің бірі гранттық қаржыландыру болып табылады, ол кәсіпкерлік субъектілеріне өз бизнес-жобаларын құруға өтеусіз берілетін бюджет қаражатының нысаны болып табылады.

Дамыған елдерде шағын және орта бизнесті дамыту және қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат кең өкілеттіктері мен ресурстық мүмкіндіктері бар

мамандандырылған үкіметтік органдарға негізделген. Бұл органдар шағын бизнесті реттеу және қолдау үшін субсидиялар, кепілдіктер, жеңілдікті несиелер, экспортқа бағытталған компанияларды қаржыландыру және т.б. сияқты әртүрлі шараларды пайдаланады. Осыған ұқсас шаралар Қазақстанда да енгізілген. Дегенмен, басқа елдерге қарағанда біздің елде кәсіпкерлікке қолдау көрсетуші мекемелер саны көп және бір-бірі жұмысын қайталайды.

Біздің елге ұқсас әртүрлі елдерде шағын кәсіпкерлік дамытудың корпоративтік тұжырымдамасының ұқсастығын көрсетеді. Ендеше дамыған бірнеше елдердің гранттық қолдау шараларына талдау жасайық.

Сингапурда гранттар деп аталатын қаржыландыру әдетте барлық шығындарды қамтымайды және оның мақсатты аудиториясы Қазақстанда пайдаланылатын гранттық қаржыландыруды еске түсіретін ШОК болып табылады [14].

Сингапурда ШОК қолдау мақсатында «Spring» агенттігі құрылған. Ол шамамен 50 түрлі кәсіпкерлік қолдау бағдарламаларын іске асырады. ШОК мемлекеттік қолдаудың бағыттары мен әдістері Сингапурда әртүрлі. Оларды әкімшілік, қаржылық және фискалдық деп бөлуге болады. Агенттік іске асыратын қаржылық қолдау әдістеріне ақшалай гранттар, мемлекеттік үлестік схемалар қаржыландыру және тиімді қарызды қаржыландыру жатады.

Ақшалай гранттар қажетті қаржыландырудың белгілі бір бөлігін жабады және жобаларды инновацияға, зерттеуге және құруға шабыттандыруға бағытталған әлеуметтік бағдарланған кәсіпкерлікке қолдау көрсетіледі.

АҚШ - та Президент жанындағы шағын бизнес әкімшілігін (Small Business Administration-SBA) құру арқылы шағын бизнесті қолдаудың ұзақ және табысты тәжірибесі бар. Бұл тәжірибе әлемнің әртүрлі елдерінде, соның ішінде Еуропа елдерінде, Жапонияда және шағын бизнесті қолдау жүйесін жетілдіретін басқа мемлекеттерде қолданылады. SBA-бұл АҚШ-тағы шағын бизнесті қолдауда маңызды рөл атқаратын федералды агенттік. SBA Қазақстандағыдай шағын бизнесті қолдаудың осындай құралдарын пайдаланады және қаржылық және консультациялық бағдарламалардың кең спектрін қамтиды. Бағдарламалар қаржылық көмек көрсетіп, сонымен қатар шағын кәсіпкерліктің өсуіне және өркендеуіне қолдау болатын оқыту, кеңес беру және басқа да қызметтерді ұсынады [15; 16; 17].

Жоғарыда айтылғандар АҚШ шағын бизнесті қолдауға бағытталған шарларының бірі гранттар бағдарламаларының бірнеше түрі бар. Гранттар мөлшері айтарлықтай қомақты, 10 -50 мың. ақш доллары аралығында.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың бұл тәсілін Қазақстанда да компанияларға әлемдік аренада табысты және бәсекеге қабілетті болуға көмектесу үшін пайдалануға болады. Сингапур және АҚШ елдеріндегі шағын бизнеске ұсынылатын Қазақстандық гранттар айырмашылығы біздің елде грант мөлшері айтарлықтай төмен, 1-5 млн. теңге аралығында. Сонымен қатар, гранттар тек инновациялық жобаларға ғана емес, тиісті бекітілген қызметтің басым түрлері бойынша қызмет ететін барлық кәсіпкерлерге беріледі.

Шағын кәсіпкерлік үшін бастапқы капиталды қамтамасыз етудің ең танымал әдістерінің бірі гранттық қаржыландыру шет елдерде де жоғары деңгейде жолға қойылған екен. Ұсынатын грант мөлшері айтарлықтай қомақты қаражат, ұсыну талаптары жоғары және бағдарламалардың грант ұсыну тетіктері кәсіпкерлерге қолайлы жасалынған.

Жалпы, кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бағдарламалар бір жүйеге қойылған, сонымен қатар мемлекеттік қолдау цифрлық технологиялар арқылы ұсынылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін жаңа бизнес-идеяларды құруға мемлекеттік өтеусіз гранттар беретін мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олар әдетте конкурстық негізде ұсынылады. Дегенмен, бүгінгі күнгі грант ұсыну құралы тиімділікті және ашықтықты қажет етеді. Осы шетелдік тәжірибені пайдаланып, гранттар беру жүйесі жаппай, жергілікті әкімдіктерді қоса алғанда белсенді цифрландыру және заманауи технологиялар процесінде жетілдірілу қажеттілігі туындауда.


## 2. Шағын кәсіпкерлікті қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жолдары

### 2.1. Ұлытау облысындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму ахуалы

Аймақта ШОК 2022 – 2023 жылдар аралығы кездерінде даму серпіні жоғары көрсеткіштерді көрсетуде. ШОК өнімдерін шығару 32 пайызға өсіп, номиналды мәнде 232 млрд. теңгеге жетті (2022 жыл – 176 млрд.теңге).

ШОК субъектілерінің жалпы саны 8%-ға өсіп, 18,8 мың субъектіге жетті. ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 1,3%-ға өсіп, 31 мың адамға жетті [18].

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша статистикалық ақпаратқа сәйкес ШОК саласы субъектілері жалпы саны 18 791 кәсіпорынды құрады, оның ішінде: 1) шағын кәсіпкерлік санатына жататын, заңды тұлғалар болып табылатын ШОК субъектілері 1 766 (9,4%); 2) орта кәсіпкерлік санатына жататын, заңды тұлғалар болып табылатын ШОК субъектілері 15 (0,1%); 3) дара кәсіпкерлер болып табылатын ШОК субъектілері 13 145 (7%); 4) шаруа және фермер қожалықтары (бұдан әрі – ШФҚ) болып табылатын ШОК субъектілері 3 865 (20,5%). Салалар бөлінісінде қызмет етіп тұрған ШОК субъектілерінің саны, бірлік (1-сурет).



1-сурет – Салалар бөлінісінде қызмет етіп тұрған ШОК субъектілерінің саны

Ескертпе – Автор дереккөз негізінде құрастырған [18]

Аймақтың ШОК саласы дамуы көрсеткіштерінің өсімі болғанымен, экономиканы әртараптандыруға, елдің ұзақ мерзімді экономикалық өсу тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бірнеше факторға негізделген сапалы өзгерістер талап етіледі.

Біріншіден, орта кәсіпкерліктің экономиканы әртараптандыруға және экономикалық өсудің орнықтылығына ықпал ету әлеуеті іске асырылмаған. Экономиканың әртараптандырылуына және орнықтылығына ықпал ететін сауда саласындағы ШОК-тың барлық санаттарындағы кәсіпорындар саны жағынан ең төмен көрсеткіште ұсынылған: 0,1 % орта кәсіпорындар, 79 % шағын кәсіпорындар, дара кәсіпкерлер және 20 % шаруа және фермер қожалықтар.

Сонымен қатар, жалпы ШОК субъектілері ішіндегі өндеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілері саны 1 272 бірлікті құрап, сауда саласындағы субъектілермен салыстырғанда 4 есе төмен. Бұл да аймақ экономикасының әртараптандыруды қажет ететіннің дәлелі.

2023 жыл қорытындысы бойынша ШОК өнімдерін шығару 232 млрд. теңгені құрады. Тұтастай алғанда, аймақ экономикасында орта кәсіпорындар шығарылымының жалпы көлемі 27,4 млрд. теңгені құрап, жалпы ШОК өнімдерін шығаруда үлесі небәрі 11,8 %. Сонымен қатар, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар үлесі – 43,3 %, дара кәсіпкерлер – 43,3 % шаруа немесе фермер қожалықтары – 26,1 % [18].

Кәсіпкерлік субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша талдау жасайтын болсақ, өндеу өнеркәсібі өнім шығару үлесі 16,1 %, сауда – 14,6 %, ауыл шаруашылығы – 28,3 %.

Екіншіден, ШОК-тың сапалы жұмыс орындарын құруға ықпалының шектеулі болуы. Жұмыспен қамту құрылымындағы қомақты үлесті шағын кәсіпорындар, дара кәсіпкерлер (бұдан әрі – ДК) қамтамасыз етеді. Мәселен, шағын кәсіпорындарда ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 25 %-ы, ДК-де – 55 %-ы, ал орта кәсіпорындарда (бұдан әрі – ОК) – 5,5 %-ы, ШФҚ-да – 15 %-ы жұмыс істейді. Бұл ретте шағын кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШК) субъектілері экономиканың және тұтынушылық сұраныстың жалпы жай-күйіне тікелей байланысты секторларда шоғырланады. Бұл жағдайда да орта кәсіпкерлік субъектілері бойынша төмен көрсеткіш байқалуда.

Осы салдарлар себебінен экономикалық құлдырауда ШК жұмысын тоқтату тәуекелдері жоғары. ШК құратын жұмыс орындары көп жағдайда сапалы жұмыс орындарын құра алмайды. Себебі, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, жалақысы аймақтағы орташадан жоғары тұрақты жұмыс орындарын қамтамасыз ете алмайды.

Мысалы, 2023 жылғы IV тоқсанда Қазақстан Республикасы бойынша айлық жалақының орташа мәні 2022 жылғы тиісті тоқсанға қарағанда 16,2%-ға өсіп, 393 605 теңгені құрады. Бұл ретте Ұлытау облысы бойынша айлық жалақысының орташа мәні 554 275 теңгені құрады. Алайда, еліміздегі шағын кәсіпорындар арасындағы орташа жалақы 316 мың теңгеге жетіп, жыл ішінде

номиналды түрде 13,7% - ға өсті. Экономиканың бұл секторы алғаш рет 300 мың теңгені еңсерді [19].

Үшіншіден, ШОК-ты дамыту үшін негізгі әлеует ірі қалаларда шоғырланған. Ауылдық елді мекендердің, шағын және моноқалалардың ШОК-ты дамыту үшін әлеуеті барынша шектеулі. Сондықтанда ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерін қолдау шараларын тоқтатпай, одан әрі мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіріп отыру қажет.

Ауылдық елді мекендер мен халық саны аз қалаларда жергілікті тұтынушылық сұраныс көлемінің шағын болуы оған бағдарланған секторлардағы ықтимал субъектілердің санын шектейді. Моноқалалардағы ШОК-тың әлеуеті қала құраушы кәсіпорындардың жағдайына және даму әлеуетіне тікелей байланысты.

Аймақтық бөліністе Жезқазған және Сәтбаев қалаларында барлық бағыттағы ШОК барынша шоғырланатын аймақтар болып табылады. Аймақтағы ШОК-та жұмыс жасайтын азаматтардың үштен бір бөлігі аймақтың екі қаласында орналасқан. ШОК-та жұмыспен қамтудың өсіміне осы екі ірі қала көп үлес қосып келеді (тиісінше 50 % және 22 %). Бұл екі қалаға ШОК-тың жалпы өнім шығару көлемінің ең көп үлесін иемденуде: Жезқазған – 44 %, Сәтбаев – 16 %.

Тұтастай алғанда, екі қалада жалпы ШОК-тың 65 % орналасқан, шағын қала мен аудандарда қызмет етіп тұрған ШОК үлесі әлдеқайда төмен (Қаражал қ. – 6,5 %, Жаңаарқа ауд. – 18 %, Ұлытау ауд. – 10 %) [18].

Төртіншіден, қадағаланбайтын экономиканы едәуір шамада шағын кәсіпорындар мен ДК қалыптастырады.

2015 жылдан бері біртіндеп қысқарғанына қарамастан, қадағаланбайтын (көлеңкелі) экономика 2019 жылы ЖІӨ-де 23,7 % деңгейінде айтарлықтай үлес алды. Осыдан барып, Ұлытау облысы бойынша бақылау жасалынбайтын экономиканың төрттен үш бөлігі сауда жасау (35 %), көлік және қоймалау (4 %), ауыл шаруашылығы (21 %), құрылыс және өзге де қызмет түрлерін ұсыну (19 % - дан) салаларында жұмыс жасауда.

Қазақстан Республикасы 2016 жылдан бастап институционалдық өзгерістерді жалғастыруда. Мемлекеттік және қоғамдық институттардың тиімділігі – кәсіпкерлікті дамытудың негізгі шарты болып саналады. Кәсіпкерлік үшін ағымдағы институционалдық ортаның тиімділігін бағалау үшін «The Heritage Foundation» зерттеу орталығы есептейтін Экономикалық еркіндік индексінің (бұдан әрі – ЭЕИ) көрсеткіштері пайдаланылды. ЭЕИ бизнесті жүргізу үшін институционалдық ортаны бағалауға арналған түпкілікті құралды қамтиды.

ЭЕИ негізінде құқық үстемдігі, экономикадағы мемлекеттің мөлшері, бизнес-ортаны және ашық нарықтарды реттеу салаларында салыстырмалы талдау жүргізілді. Салыстырмалы талдау Қазақстанның нысаналы жағдайына және кәсіпкерлер үшін бәсекелестерге қатысты жүргізілді.



Макроөңірде салық жүктемесіндегі бәсекеге қабілеттілікке қарамастан, қолданыстағы салық жүйесі салықтардың тиісінше жиналуын, көлеңкелі экономика азауын қамтамасыз етпейді және ШОК-ты одан әрі ірі кәсіпкерге айналуға ынталандырмайды. Құқық қолдану мен заңдардың орындалуын әкімшілендірудің ағымдағы практикалары кәсіпкерлерді белгілі бір мөлшерге жеткеннен кейін бөлшектеуге тікелей және жанама түрде ынталандырады. Мұндай шешімге шағын және орта компаниялар үшін тең жағдайлар туғызбайтын жеңілдікті салық талаптары санының көп түрлі болуы, салықтық әкімшілендіру және әкімшілік өндіріс қатты әсер етеді.

Кәсіпкерлердің формалды емес сектордан шығуына кедергі келтіретін институционалдық кедергілер бар. Қазіргі уақытта Қазақстанда жаңа кәсіпкерлік субъектілерін тіркеудің тиімді жүйесі бар. Алайда бейформалды экономиканың үлесі, әсіресе аграрлық жұмыспен қамту басым өңірлерде және ірі қалаларда, негізінен сауда жасау және қызмет көрсету саласында жоғары болуда. Кәсіпкерлік қызметпен айналысуды бастау және/немесе бейформалды сектордан формалды секторға өту туралы шешім қабылдау көбінесе заңды және ресми бизнесті жүргізудің қолжетімділігі, қарапайымдылығы, ыңғайлылығы және жайлылығы дәрежесіне байланысты.

ЭБИ деректеріне сәйкес бизнесті жүргізу үшін негізгі шектеулер құқық үстемдігі, баға белгілеудің бұрмалануы, бәсекелестік, инвестициялар еркіндігі сияқты іргелі институттарда бар.

Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруды, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық жағдайлар жасауды қамтамасыз ететін шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері қалыптастырылды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, сондай-ақ мынадай түрлі мемлекеттік бағдарламалар ШОК саласын дамытудың мемлекеттік шаралары жүйесін құрайтын басты құжаттар болып саналады:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы.

Көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларының негізгі түрлері қаржылық, мүліктік, инфрақұрылымдық, институционалдық және ақпараттық қолдау болып табылады. Бұл ретте мемлекеттік қолдаудың көрсетілген түрлері мыналарға:

1) жаңа бизнес-бастамаларды қолдауға (шағын және орта кәсіпкерлікке ұсынылатын гранттар);

2) ШОК-та жалпы жұмыспен қамтуды ұлғайтуға;

3) ЖІӨ-ге салымды және орта кәсіпорындардың өнім шығаруының орташа көлемін өсіруге бағытталған.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну бағытында олардың шектеулілігі байқалады. Мәселен, 2015 – 2020 жылдар аралығындағы кезеңде «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы (бұдан әрі – БЖК 2020) шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларымен 808,7 мың кәсіпкер, оның ішінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялаумен – 16,3 мың, кепілдендірумен – 14,5 мың, гранттармен – 2,3 мың, инфрақұрылымды жеткізумен – 131, оқытумен – 129,2 мың, кеңес беру және сервистік көрсетілетін қызметтермен – 646,6 мың кәсіпкер қамтылды [8].


Сонымен қатар, бір кәсіпкерлік субъектісінің бір мезгілде бірнеше қолдау тетігін пайдалануға болатының ескермесек, БЖК 2020-мен қамту жеткілікті болмай отыр. Мәселен, Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің есебіне сәйкес БЖК 2020-ны іске асыруға 2015 – 2019 жылдары 270,1 млрд теңге бөлінген. Бюджет шығыстарындағы аса көлемді үлек қаржылық құралдарға арналған шығындарға (пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, кредиттерге кепілдік беру, мемлекеттік гранттар мен микрокредиттер беру) келеді – 71%. Бұл ретте қаралып отырған кезеңде субсидиялау және кепілдендіру құралдарын 19,6 мың кәсіпкерлік субъектісі немесе жыл сайын орта есеппен 3,9 мың субъект қана пайдалана алды, бұл осы кезеңде жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің орташа жылдық санының 0,3%-ын құрайды. Өндірістік инфрақұрылымды дамытуға арналған бюджет шығыстарының үлесі 22%-ды, қаржылық емес құралдарға 6%-ды құрады [8].

Қазақстанда ШОК-қа қолдау көрсететін негізгі даму институттары қатарына «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, «Аграрлық кредиттік корпорация», Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар енген, сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы екінші деңгейдегі банктер, қаржы институттары мен бизнес арасында ақпараттық-оқыту саясатын және делдалдық функцияны орындайды.

Ендеше Ұлытау облысы бойынша кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі, оның ішінде мемлекеттік бағдарламалардың іске асыру есебін қарастырып өтейік.

«Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры және банктер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде 2023 жылы жалпы сомасы 19,3 млрд. теңгеге 378 жоба қаржыландырылған [20].


Екінші деңгейлі банктердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау тетігі бойынша 250 жоба жалпы сомасы 13,1 млрд. теңгеге қолдау тапқан (2-сурет).



2-сурет – Жобаларды субсидиялау тетігі бойынша қолдау

Ескертпе – Автор дереккөз негізінде құрастырған [20]

Банктердің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру тетігі бойынша 128 жоба жалпы соммасы 6,2 млрд. теңге көлемінде мемлекеттік қолдау алған (3-сурет).



3-сурет – Жобаларды ішінара кепілдік беру тетігі бойынша қолдау

Ескертпе – Автор дереккөз негізінде құрастырған [20]

Бұл қаржыландырылған сомманың көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсті (2022 жылы 384 жоба, 8,5 млрд. теңге).

Облыстың кәсіпкерлері үшін мемлекеттік қолдау шараларын қамту 2 пайызды құрап, республика бойынша үшінші орында. Ал кәсіпкерлерді субсидиялау көлемінің санын қамту бойынша аймақ бесінші орында (697 000 теңге).

Жоғарыда аталған бағдарлама аясында, облыс бюджетінен 2023 жылы 578 млн. теңге бөлінді. Ұлытау облысының қалалары мен аудандары бөлінісінде Жезқазған қаласында ең көп қолдау тапқан жобалардың саны - 205 жоба болып табылады (жобалардың жалпы санының 60%). Салалар құрылымында: сауда

саласы - 40%, өңдеу өнеркәсібі саласы - 14% және көлік пен қоймалау саласы - 11% болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін жаңа бизнес-идеяларды құруға мемлекеттік өтеусіз гранттар беретін мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олар әдетте конкурстық негізде ұсынылады. Бүгінгі күні біздің елімізде шағын кәсіпкерлікті қолдау бағытында мемлекеттік грант ұсыну бірнеше бағытта жүзеге асырылуда. Қала және аудан әкімдері гранты, облыс әкімі гранты және де кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 - 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсету жалғасуда. Бұл бағдарлама аясындағы гранттық қолдау жергілікті атқарушы орган айқындайтын өңірлік үйлестіруші арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарлама аясында 2023 жылы 150 млн. теңгеге 32 жеке кәсіпкерге грант түрінде қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар, кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде жас кәсіпкерлерге 2023 жылға мемлекеттік гранттар беру мақсатында жалпы 355 млн. теңге игерілген: 150 млн. теңге - кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы; 127 млн. теңге - кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы (әлеуметтік осал топтар үшін); 78 млн. теңге - қалалар/аудандар әкімдіктерімен жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамытуға [20].

Сондай-ақ, 2023 жылы «жастарға арналған микрокредит» бағдарламасы аясында 2,5 пайызбенен 345 млн. теңге бөлінді. Бұл қаражат толығымен игерілді, нәтижесінде 72 жоба қаржыландырылды. 2024 жылға 360 млн. теңге қарастырылған.

Сонымен қатар, Аймақтық үйлестіру кеңесі өндірістік инфрақұрылымды жүргізуге қажет ететін жалпы соммасы 338 млн. теңгені құрайтын 1 жобаны қарастырып, оған тиісті қаражатты бөлу мәселесін мақұлданған [20].

ШОК жұмыс орындарын құруда және экономикалық өсуді ынталандыруда маңызды рөл атқарады. ШОБ жұмыс орындарын құруға қалай әсер ететіндігінің бірнеше негізгі аспектілерін атап айтуға болады, олар көбінесе жаңа жұмыс орындарының көзі болып табылады, өйткені олар кеңейіп, жаңа нарықтарға енеді. Бұл әсіресе ірі компаниялар инвестициялауға аз қызығушылық танытатын аймақтарда өте маңызды. Зерттеуде қаралып отырған Ұлытау облысы да ірі инвесторлардың қызығушылығы аз аймақтар қатарына жатады. Сондықтан да, аймақта шағын кәсіпкерлікті дамыту аса маңызға ие.

ШОК нарықтағы өзгерістерге тез бейімделе алады, бұл оларға жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтарға жауап ретінде жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Олар сондай-ақ жаңа технологиялармен және бизнес үлгілерімен тәжірибе жасай алады, бұл сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді

Жұмыспен қамтуды ұлғайту тұрғысынан негізгі әсер сауда жүргізілмейтін секторлардағы шағын кәсіпорындардың өсуі есебінен қамтамасыз етіледі.

Бір ШОК субъектісінде жұмыспен қамтылғандардың орташа санының серпіні бойынша ең жақсы көрсеткіштерді орта кәсіпорындар көрсетуде. Жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпорындар санының озыңқы өсуі (+47%) 1 кәсіпорында жұмыспен қамтылғандардың орташа санының 6,75 адамнан 5,45 адамға дейін төмендеуіне алып келді. ДК мен орта кәсіпорындарда жұмыс істеп тұрған субъектілер санының төмендеуі байқалды, алайда жұмыспен қамтылғандардың орташа саны ДК-да болмашы ғана (2%-ға) және орта кәсіпкерлікте қарқынды (20%-ға) өсті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері мен ДК сапалы жаңа жұмыс орындарын құру талабын тұрақты түрде шешуге мүмкіндігі жоқ. Жұмыспен қамту бағытында жоғары маңыздылығына қарамастан, шағын кәсіпорындардағы орташа айлық жалақы Қазақстан бойынша орташа жалақыдан 20% дерлік төмен. Орта және ірі кәсіпорындарда орташа айлық жалақы Қазақстан бойынша орташа жалақыдан 22 %-ға жоғары.

Орта және шағын кәсіпорындардағы еңбек өнімділігі ДК өнімділігінен әлдеқайда жоғары. ШК мен ОК-дағы өнім өндіру мөлшері бойынша бір жұмыскерге жылына 16,3 млн теңгені, ал ДК-де бір адамға жылына 1,4 млн теңгені құрайды [8].

ЖІӨ-ге салынған салым мен өнім шығарудың орташа көлемі тұрғысынан орта кәсіпорындардың экономикалық әсері шағын кәсіпорындардың көрсеткіштерінен едәуір асып түседі. Бұл ретте орта кәсіпорындардағы ЖІӨ-ге салынған салым мен өнім шығарудың орташа көлемінің өсімі шағын кәсіпорындардағы өсімнен бірнеше есе жоғары.

ШОК-ты дамытудың мемлекеттік саясатын іске асырудың халықаралық бәсекеге қабілеттілікке әсері жоғарылатуды қажет етеді.

Халықаралық менеджментті дамыту институтының (IMD, Лозанна, Швейцария) әлемдік бәсекеге қабілеттілікті зерттеу орталығы 2023 жылғы әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингінің нәтижелерін жариялады [21].

IMD рейтингі келесі факторларды бағалайтын кешенді зерттеудің нәтижесі болып табылады: «Экономикалық қызмет», «Үкіметтің тиімділігі», «бизнестің тиімділігі» және «инфрақұрылым».

2023 жылы зерттеу әлемнің 64 елін бағалады. Кувейт алғаш рет қосылды. Рейтингте жетекші орынды Дания алады. Даниядан кейін Ирландия, Швейцария, Сингапур және Нидерланды үздік 5 елге кіреді.

2023 жылғы зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы 66,11 балл нәтижесімен 37-орынға ие болды.

Ағымдағы жылы барлық факторлар бөлінісінде ел позициясының жақсарғаны байқалады және тек "Инфрақұрылым" факторы бойынша нашарлау байқалады (46-дан 47-орынға дейін төмендеу).

«Экономикалық қызмет» факторы бойынша Қазақстан 1 позицияға көтеріліп, 57-орынға ие болды. Жақсарту келесі субфакторлар бойынша позициялардың айтарлықтай жоғарылауымен түсіндіріледі:

- «Халықаралық сауда» - 46 орын (15 пунктке өсім), бұл төлем балансының ағымдағы шотының профицитімен (ЖІӨ – нің 3,7% - ы, 2022 жылы-ЖІӨ-нің 2,97% - ы тапшылығы) және сауда жағдайлары индексінің жақсаруымен (экспорт құнының бірлігінің импорт құнының бірлігіне өсуі) түсіндіріледі, ол бойынша позицияның өсуі байқалады елдер 58-ден 6-орынға дейін.

- «Сыртқы инвестициялар» - инвестициялық активтер портфелі бойынша оң серпінге байланысты 43 орын (11 пунктке өсім) (-6,71 млрд. АҚШ долл.дейін 2022 жылғы рейтингте -1,2 млрд. 2023 жылғы рейтингте) және инвестициялық міндеттемелер портфеліне (1,42 млрд. АҚШ долл.дейін 2022 жылғы рейтингте 2,38 млрд. АҚШ 2022 жылғы рейтингте).

«Үкіметтің тиімділігі» факторы бойынша Қазақстан 2 тармаққа көтеріліп, 23 орынға ие болды. Жақсарту 3 субфактор бөлінісінде елдің позицияларының артуымен түсіндіріледі:

- «Мемлекеттік қаржы» - 16 орын (3 тармаққа өсу) негізінен мемлекеттік бюджеттің қалыптасқан профициті есебінен (ЖІӨ-нің 0,09%, 2022 жылы-ЖІӨ-нің 4,1%);

- «Бизнес туралы заңнама» - 29 орын (5 тармаққа өсу);

«Бизнестің тиімділігі» факторы шеңберінде субфакторлар бойынша жағдайдың жақсаруына байланысты елдің позициясының 1 тармаққа 31 орынға дейін көтерілуі байқалады:

- «Өнімділік және тиімділік» - «жалпы өнімділіктің нақты өсуі» көрсеткіші бойынша оң динамикаға байланысты 40 орын (9 пунктке өсу) (2022 жылғы рейтингтегі 0,26% - дан 2023 жылы 3,19% - ға дейін).

- «Қаржы» - қаржы карталарымен операциялардың өсуіне байланысты 43 орын (2 тармаққа өсу) (11 576 доллардан. жан басына шаққандағы АҚШ доллары 2022 жылғы рейтингте 13 750 долларға дейін. 2023 жылы жан басына шаққандағы АҚШ доллары) және «акциялардың бастапқы жария ұсынысы (IPO)» көрсеткіші бойынша оң динамика, ол бойынша ел 9 пунктке өсті (2022 жылы 49-дан 2023 жылы 40-қа дейін).

«Инфрақұрылым» факторы бойынша жағдайдың шамалы нашарлауы – 47 орын (1 пунктке төмендету) «технологиялық инфрақұрылым» – 52 орын (1 пунктке төмендету) және «ғылыми инфрақұрылым» – 56 орын (2 пунктке төмендету) субфакторлары бойынша позициялардың төмендеуі есебінен болды.

Респонденттердің пікірінше, Қазақстан Республикасы экономикасының неғұрлым тартымды 5 факторының қатарына: қолайлы бизнес-орта (респонденттердің 56,9%), экономиканың серпінділігі (52,0%), қаржыландыруға қолжетімділік (43,5%), бәсекеге қабілетті салық салу жүйесі (42,7%), саясаттың тұрақтылығы мен болжамдылығы (42,7%) жатады.

Қазақстанның халықаралық рейтингтерінің серпініндегі осындай алшақтық ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру қажеттігін айғақтайды. Аталған рейтинг еліміздің барлық облысына тән жағдай. Оның айғағы «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ҰКП) өткізіп отыратын зерттеу нәтижелері.

ҰҚП Қазақстан өңірлерінде бизнес жүргізудің сыртқы және ішкі жағдайлары бойынша тұрақты негізде зерттеу жүргізеді және «Іскерлік ахуал» тәуелсіз рейтингін қалыптастырады [22].


2023 жылғы зерттеудің қорытындысы бойынша объектілердің меншікке сатып алу үшін қолжетімділігі, шикізат және қаржы ресурстарының қолжетімділігі, бейресми төлемдердің, формальды емес көрсетілетін қызметтердің және өнімсіз шығындардың болуы, инфрақұрылым объектілерін жалға алу құны, кәсіпорындарды жаңғырту мүмкіндіктерінің шектеулі болуы, қарыздарды қоса алғанда, дебиторлық және кредиторлық берешектің болуы, БЖК 2020 бойынша хабардар болудың және оған қатысу деңгейінің төмен болуы, сондай-ақ жаңа құрылысқа инвестициялар салудың және материалдық-техникалық базаны жаңартудың шектеулі мүмкіндіктері кәсіпкердің үлкен мәселелері болып табылды.

Кәсіпкерлікті жүргізу шарттарын зерттеу кәсіпкерлердің барлық санаттары арасында жүргізіледі, сондықтан жоғарыда аталған мәселелер кәсіпкерлер бағытынан орташа бағалау болып табылады. Алайда кәсіпкерлік субъектілері неғұрлым аз болған сайын, олар үшін аталған проблемалар соғұрлым күрделі болатыны анық. Бұл проблемалардың олардың қызметіне әсер етуінің және ықтимал салдарының ауқымы әртүрлі санаттағы кәсіпкерлердің құзыреттеріндегі айырмашылықтарға және жетіспейтін құзыреттерге ие болу мүмкіндіктеріне (оқыту арқылы да, сол сияқты қажетті мамандарды жалдау арқылы да) байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Осылайша, кәсіпкерлікті дамытуды қаржылық емес қолдау шаралары шеңберінде микро-, шағын және орта кәсіпкерлерді оқыту мен олардың басқарушылық және кәсіби құзыреттерін арттыру кәсіпкерлік белсенділікті кеңейту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуде айтарлықтай маңыздылыққа ие болуда.

ҰҚП өткізген онлайн сауалнамасына республика бойынша 23 620 респондент, оның ішінде Ұлытау облысы бойынша 671 респондент қатысқан [22].

Сонымен қатар, бизнес субъектілерінің онлайн сауалнамасының нәтижелері бойынша «жеңілдікті несиелеу/мемлекеттік инвестициялар/гранттар/субсидиялар алу кезінде өз басыңыз қандай қиындықтарға тап болдыңыз?» деген сауалға респонденттердің 25%-ы бюрократияны, 22,2%-ы өтінімдер мен басқа да құжаттарды қараудың ұзақ мерзімін көрсеткен. Өтінімдерді қарау кезінде ашықтықтың жоқтығы туралы мәселелерді атап айтқан респонденттер болған (4-сурет).

**Жеңілдікті несиелеу/мемлекеттік инвестициялар/гранттар/субсидиялар алу кезінде өз басыңыз қандай қиындықтарға тап болдыңыз?**



25%-ы бюрократияны, 22,2%-ы өтінімдер мен басқа да құжаттарды қараудың ұзақ мерзімін көрсетті

4-сурет – Жобаларды субсидиялау тетігі бойынша қолдау

Ескертпе – Автор дереккөз негізінде құрастырған [22]

Сауалнама көрсеткіштері негізінде елді мекендердің саралануы бойынша ең жоғары қорытынды көрсеткіш 3,62 балды құраған, бұл көрсеткіш Түркістан облысының Келес ауданына тиесілі.

Ұлытау облысы елді мекендері көрсеткіштері жоғары болмай келесі көрсеткіштерді құраған: Сәтбаев қаласы – 3,12, Жаңаарқа ауданы – 2,95, Ұлытау ауданы - 2,55, Жезқазған қаласы – 2,44, Қаражал қаласы – 2,17 [22].

ҰКП жүргізген зерттеуді және «Іскерлік ахуал» тәуелсіз рейтингін нақтылау, дамудың қолда бар әлеуеті бойынша пікірлерді зерделеу мақсатында шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру құралын жетілдіру бойынша ұсыныстарды қалыптастыру үшін магистрлік жоба аясында сараптамалық сауалнама жүргізілді.

Сараптамалық сауалнама Ұлытау облысы аймағындағы кәсіпкерлік саласындағы барлық субъектілерге, оның ішінде 3 қала және 2 аудан кәсіпкерлеріне арналған.


Сауалнама Google-форма қосымшасы сілтемесін респонденттерге электрондық пошта, сондай-ақ WhatsApp және Telegramm мессенджерлерінде кәсіпкерлік саласындағы салалық сарапшылар чаттарына жіберу арқылы жүргізілді. Сауалнама сұрақтары А, Б қосымшаларында келтірілген.

Сараптамалық сауалнама саланың ағымдағы жағдайы бойынша сарапшылардың пікірін анықтау және даму әлеуетін анықтау, сондай-ақ мемлекеттік гранттар беру құралын жетілдіру бойынша ұсыныстарды ұсынуға бағытталған 20 сұрақты қамтыды (1 қосымша).

Сауалнама сұрақтарында өз бетінше жауап беру мүмкіндігі бар 4 ке дейін жауап нұсқалары болды.




Сауалнама 224 респондентті қамтыды, оның ішінде: Жезқазған қаласы кәсіпкерлері - 30 респондент немесе 24,1%, Сәтбаев қаласы кәсіпкерлері – 25 респондент немесе 21,9%, Қаражал қаласы кәсіпкерлері – 16 респондент немесе 17,4%, Жаңаарқа ауданы кәсіпкерлері - 15 респондент немесе 19,2%, Ұлытау ауданы кәсіпкерлері - 11 респондент немесе 17,4% (5-сурет).



5-сурет – Респонденттердің тұрғылықты жері бойынша бөліну құрылымы

Ескертпе - автор сараптамалық сауалнама деректері негізінде құрастырған


Бұл ретте сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан 117 респондент немесе 52,2% жас ерекшелігі бойынша 30-39 жаста, 29 жасқа дейінгілер 77 респондент немесе 34,4%, 40-49 жаста – 22 респондент немесе 9,8%, 50 жастан жоғары – 8 респондент немесе 3,6% (6-сурет).



6-сурет – Респонденттердің жас ерекшеліктері бойынша бөліну құрылымы

Ескертпе - автор сараптамалық сауалнама деректері негізінде құрастырған

Сауалнамаға қатысқан кәсіпкерлік субъектісінің мөлшері бойынша басым көпшілігі микрокәсіпкерлік субъектілері - 87,5%, 11,2% шағын кәсіпкерлік субъектілері, 1,3% орта кәсіпкерлік (7-сурет).



7-сурет – Респонденттердің кәсіпкерлік субъектісінің мөлшері бойынша бөліну құрылымы

Ескертпе - автор сараптамалық сауалнама деректері негізінде құрастырған


Бүгінгі күні кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары жайында мемлекеттік мекемелер және дамыту институттары тарапынан тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары жалғасуда.

Сауалнама қорытындысы бойынша респонденттердің 80% шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, оның ішінде бизнес-идеяларды жүзеге асыруға өтеусіз гранттар беру түріндегі қолдау құралы туралы ақпаратты біледі.

Бұл ретте, цифрлық технологиялар және әлеуметтік желілер дамыған жағдай өз септігін тигізуде. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттандырудың жақсы тәсілі ретінде әлеуметтік желіні 61% астам респондент тандаған.

Дегенмен, өтеусіз гранттар беру жөніндегі қолдау түрі туралы ақпараттың қолжетімді болуы үшін респонденттердің 81% кәсіпкерлікті қолдаудың барлық шараларын біріктіретін бірыңғай ақпараттық платформа құру қажеттігін көрсеткен (8-сурет).

Гранттар беру жөніндегі қолдау түрі туралы ақпараттың қолжетімдігі бойынша пікір



- қолдаудың барлық шараларын біріктіретін бірыңғай ақпараттық платформа арқылы
- әлеуметтік желілер арқылы

8-сурет – Гранттар беру жөніндегі қолдау түрі туралы ақпараттың қолжетімдігі бойынша пікір

Ескертпе - автор сараптамалық сауалнама деректері негізінде құрастырған


Бүгінгі күні біздің елімізде шағын кәсіпкерлікті қолдау бағытында мемлекеттік грант ұсыну бірнеше бағытта жүзеге асырылуда. Қала және аудан әкімдері гранты, облыс әкімі гранты және де кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 - 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсету жалғасуда.

Аталған грант құралының жүзеге асырылуына келетін болсақ, жергілікті әкімдіктер, облыс әкімі гранттарына құжат қабылдау оны ұйымдастыру әлі күнге дейін жетілдірілмеген. Құжат қабылдау қағаз түрінде жүзеге асырылуда және комиссия шешім қабылдау тікелей отырысқа жиналу арқылы жүзеге асырылуда..

Жаңадан құрылған Ұлытау облысы мысалында қарастыратын болсақ, облыс құрамына үш қала және екі аудан кіреді. Өздеріңізге белгілі Ұлытау облысы жер көлемі жағынан басқа облыстармен салыстырғанда бесінші орынға ие, сәйкесінше елді мекендері облыс орталығы Жезқазған қаласынан және елді мекендері бір-бірінен шалғай орналасқан.

Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, елді мекендердің географиялық шалғай орналасуы және көліктік жол ұзақтығы қандай да бір мемлекеттік қолдау алу үшін қағаз түрінде құжат тапсыру және осы қызмет түрін пайдалану жағынан қиындықтар тудырады.


Мысал ретінде 2022 жыл қорытындысы бойынша Ұлытау облысы әкімінің шағын кәсіпкерлікке арналған грант қорытындысына талдау жасайық. Жергілікті әкімдік ақпаратына сәйкес төмендегі көріністі көруге болады (9-сурет).



9-сурет – Облыс қала және аудандары бөлінісінде гранттармен қамту рейтингі

Ескертпе – Автор дереккөз негізінде құрастырған [20]

Қала кәсіпкерлері мен аудандық аймақ, сонымен қатар, облыс орталығынан елді мекендердің орналасуы жағынан талдау жасайтын болсақ, шалғай орналасқан және аудандық елді мекендері шағын кәсіпкерлерінің мемлекеттік грантпен қолдау табу санының аздығын төмендегі суреттен көруге болады (10-сурет).



10-сурет – Қала және аудандар бойынша гранттармен қамтуды салыстыру

Ескертпе – Автор дереккөз негізінде құрастырған [20]

Басты себептердің бірі кәсіпкерлердің облыс орталығына келіп құжат өткізу мүмкіндігі аздығы, сонымен қатар, грант ұйымдастыру жүйесінде ашықтықтың жоқтығы болуы мүмкін.

Шағын және орта бизнесті қолдаудың гранттық бағдарламаларын ұйымдастыру бойынша шет елдердің және ҚР Үкіметтің 31.12.2019 ж. №1060 Қаулысымен бекітілген кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 - 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберіндегі жаңа бизнес – идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру табысты тәжірибесін жергілікті әкімдіктер ұсынатын

мемлекеттік гранттар беру жүйесінде пайдалану қажеттігін табанды түрде айғақтайды [2].

Сауалнама барысында гранттық қолдау бағдарламасына қатысу кезінде респонденттерден цифрлық платформада ұйымдастырылған өтеусіз гранттар беру бойынша конкурстық іріктеуге қатысуда тәжірибесін анықтау, сонымен қатар мемлекеттік қолдауды пайдалану кезінде қандай тәсілді қалайтындарын білуге мүмкіндік болды.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 93,3% құжаттарды цифрлық платформа арқылы өткізгенді қалайтындықтарын жеткізген (11-сурет).



11-сурет – Құжат тапсыру тәсілі бойынша пікір


Ескертпе - автор сараптамалық сауалнама деректері негізінде құрастырған

Жоғарыда айтып кеткендей, гранттық қолдау бағдарламасын облыстың қала және аудан әкімдіктерінде тікелей ұйымдастырады. 2023 жыл қорытындысы бойынша қалалар мен аудандар әкімдіктерімен жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамыту бағытында жалпы соммасы 78 млн. теңге мөлшерінде қайтарымсыз грант үлестірген: Жезқазған қаласы - 13 млн. теңге; Сәтбаев қаласы - 20 млн. теңге; Қаражал қаласы - 15 млн. теңге; Жаңаарқа ауданы - 15 млн. теңге; Ұлытау ауданы - 15 млн. теңге.

Қалалар мен аудандар әкімдіктері жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамыту бағытындағы грант ұсыну бағдарламасын жыл сайын ұйымдастырып отырады. Бұл гранттық қолдау түрі жас кәсіпкерлер арасында жоғары сұранысқа ие және ауылдық жерлерде жаңа бизнес жобалар жүзеге асуына септігін тигізуде.

Алайда, сауалнама барысында респонденттердің басым көпшілігі жергілікті әкімдіктер ұйымдастырған өтеусіз гранттар беру жөніндегі конкурстық комиссияның шешіміне қанағаттанбайтындықтары туралы пікір білдірген (12-сурет).

Сонымен қатар, конкурстық іріктеуге қатысу кезінде сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болғандарын жеткізді.



12-сурет – Конкурстық комиссияның шешімі бойынша пікір

Ескертпе - автор сараптамалық сауалнама деректері негізінде құрастырған

Сауалнама қорытындысы бойынша респонденттердің 85,7% өтеусіз гранттар беру жөніндегі бағдарламаны ұйымдастыру цифрлық платформада жүзеге асырылуын қолдайды (13-сурет).



13-сурет – Бағдарлама ұйымдастыру тәсілі бойынша пікір

Ескертпе - автор сараптамалық сауалнама деректері негізінде құрастырған

Сондай-ақ, респонденттердің басым көпшілігі «цифрлық технологияларды пайдалану қажет», «ашықтық және қолайлы құжат тапсыру процесі қажет», «ашықтықты қамтамасыз ету», «грант соммасын ұлғайту» деген мәселелерді шешуге өз көзқарастарын енгізді.

Сараптамалық сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым көпшілігі мемлекеттік гранттық қолдау құралын жаңа бизнес жобалар жүзеге асырыуында және жұмыс жасап тұрған микрокәсіпкерлікті одан әрі дамытуда қажетті құрал деп санайды. Алайда, жергілікті әкімдіктер ұйымдастыруындағы тәсілге сәйкес гранттық қолдаудың тиімсіз екенін де жеткізген сарапшылар болды. Жергілікті әкімдіктердегі бүгінгі күнгі ұйымдастыру тәсілінде ашықтық жоқтығын атап айтып, грант қаражатының

нысаналы мақсатында пайдаланылуында проблемалардың бар екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, сарапшылар гранттық бағдарламаны ұйымдастыруда қолайлы құжат тапсыру және ашықтықты қамтамасыз етуде цифрлық платформаларды пайдалану қажеттігін қолдайды. Осы жағдайда гранттық қолдау бағдарламасы тиімділігі артып, шағын кәсіпкерлік саласы көрсеткіштеріне оң әсер ететінің атап көрсетті.

## 2.2. Шағын кәсіпкерлікті гранттық қолдау құралын жетілдіру

Жоғарыда айтып кеткеніміздей шағын кәсіпкерлік үшін бастапқы капиталды қамтамасыз етудің ең танымал әдістерінің бірі гранттық қаржыландыру, яғни аталған қолдау түрінің мүмкіндігінше қолжетімді болғаны кәсіпкерлер үшін маңызды.

Жалпы магистрлік жоба аясында жүргізілген зерттеулерге сәйкес гранттық қолдау құралын жетілдіру айқындалды. Отандық және ең озық халықаралық жақсы тәжірибелерді зерделеу, жүргізілген сараптамалық сауалнама қорытындыларын талдау барысында бірнеше проблемалардың бар екендігін анықталды. Анықталған проблемаларды жою жолдары ұсыныстар қолдану арқылы қарастырылды (1-кесте).

1-кесте – Гранттық қолдау тетіктеріне өзгеріс енгізу туралы ұсыныстың салыстырмалы кестесі

Қолданыстағы тәсіл	Ұсынылатын тәсіл
<ul style="list-style-type: none"><li>- Құжаттар қағаз түрінде қабылданады</li><li>- Құжат қабылдау мерзімі 30 күн және грант ұсыну мерзімі 45 күнде жүзеге асырылады</li><li>- Гранттық комиссияның отырысы күндізгі режимде немесе селекторлық байланыс режимінде өткізіледі және дауыс беру тікелей отырыста жүзеге асырылады</li><li>- Грант иегері және қаражат ұсынушы мекеме арасында екі жақты келісім шарт жасалады</li> <li>- Гранттарды мақсатты пайдалану мониторингін грант қаражатын ұсынушы өзі тікелей жүзеге асырады</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Құжаттар электронды түрінде қабылданады</li><li>- Құжат қабылдау мерзімі 7 күн және грант ұсыну мерзімі 15 күнде жүзеге асырылады</li><li>- Гранттық комиссияның отырысы селекторлық байланыс режимінде өткізіледі және дауыс беру электронды цифрлық қолтанба арқылы онлайн жүзеге асырылады</li><li>- Грант иегері, қаражат ұсынушы мекеме және грантты мақсатты пайдалану мониторингісіне жауапты тәуелсіз қаржы агенттігі арасында үш жақты келісім шарт жасалады</li><li>- Гранттарды мақсатты пайдалану мониторингін тәуелсіз қаржы агенттігі жүзеге асырады</li></ul>

Жоғарыдағы ұсыныстар кәсіпкерлер тарапынан тиімді қызмет алуға, қызмет алу мерзімін қысқартуға, грант қаражатының мақсатты пайдаланылуына және грант беру процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуге алып келеді.

Зерттеу тақырыбын бастаған уақыттан жоба аясында «Білім мен ғылымды интеграциялау» Халықаралық ғылыми-практикалық журналында жарияланған. «Шағын бизнес гранттары: тәжірибе және ұсынуудағы заманауи тәсілдер» атты мақалада шағын кәсіпкерлік үшін бастапқы капиталды қамтамасыз етудің ең танымал әдістерінің бірі гранттық қаржыландыру ұсыну тәсілін жетілдіру сипатталады [23].

Аталған ұсыныстарды жүзеге асырудың жолы гранттық қолдау құралын цифрлық платформада жүзеге асыру. Бүгінгі күні кәсіпкерлер тарапына гранттық қолдауды ұсынуда kezekte.kz цифрлық платформасын пайдалану ұсынылады [3].

Зерттеу нәтижелерін нақтылау мақсатында SWOT талдауын қарастырдық.



SWOT талдауы-бұл жоба үшін немесе бизнес стратегиясы шеңберінде күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін (Strengths, Weaknesses, Opportunities, Threats) бағалау үшін қолданылатын стратегиялық жоспарлау әдісі. Бұл стратегиялық жоспарларды құруға, сыртқы және ішкі контекстті түсінуге және белгілі бір мақсаттарға жетуге әсер ететін факторларды анықтауға көмектеседі.

SWOT талдауы 3 қосымшада көрсетілген. Күшті жақтарын атап көрсететін болсақ. Зерттеу аясында анықталған проблемаларды толық жоюға мүмкіндік береді. Олар процестің тиімділігі, қол жетімділік және ашықтық.

Цифрландыру уақыт пен ресурстарды қысқарта отырып, өтінімдерді беру және өңдеу процесін автоматтандыруға және жеделдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрлық жүйелер грант беру процестерінің ашықтығы мен бақылануының жоғары дәрежесін қамтамасыз ете алады.

Басты мүмкіндіктерінің бірі кеңейту және интеграция. Сандық жүйені көбірек өтініш берушілерге және гранттардың әртүрлі түрлеріне қызмет ету үшін масштабтауға болады. Біртұтас тиімді жүйені құру үшін басқа цифрлық мемлекеттік және жеке қызметтермен интеграциялау мүмкіндіктері.

Талдау барысында әлсіз жақтары да және қауіптер де анықталды. Олардың қатарында техникалық кедергілер, деректерді қорғау, және киберқауіпсіздік.

Бұл қиындықтарды цифрландыру дамыған кезде шешуге толықтай мүмкіндіктер бар. Бүгінгі күні Қазақстандағы электрондық мемлекеттік қызметтердің үлесі 92 пайызға жеткен [24].

Қазақстан әлеуметтік және бизнес-салаларға мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыруда ілгеріледі. Өткен жылы IMD цифрлық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде біздің еліміз 64-тен 34-ші орынды иеленді.

Аталған көрсеткіш тағы да кәсіпкерлік саласында цифрлық технологияларды пайдаланудың қажеттігін айқындайды.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бойынша келесі тұжырымдар жасалды.

